



Жас өркен Қостанай



5 (90) қыркүйек-қазан 2017 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хұсаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Хұсаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ
8(778) 758-84-80
менеджер-дизайнер
Айтолқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

Ұлы ұстазға құрмет

Ұстаздар күні қарсаңында Қостанай қаласына жақын, Тобыл өзені жағасында орналасқан ұлы ағартушы ұстаз, этнограф ғалым, педагог Ыбырай Алтынсарин мемориалдық кешенінің ашылуы өтті. Салтанатты шараға облыс әкімі Архимед Мұхамбетов бастаған атқамінер азаматтар, өңірдегі зиялы қауым өкілдері және ұстаздар мен студенттер қауымы қатысты.


Құрылысқа Маңғыстаудан арнайы ұлутастар жеткізіліп, пайдаланылған, нысан ерекше көз тартарлық. Кесененің биіктігі 18 метр. Күмбезі 6 метр болатын кесене алып жатқан аумақ 64 шаршы метрді құрайды. Мавзолейге қарама-қарсы тұрған тұғыртаста Елбасының Ыбырай Алтынсарин жайлы айтқан сөзі және ұлы ағартушының өзі ашқан мектептерінің картасы бедерленген.

– Бүгінгі шарамыз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында туған өлкемізді көркейтуге бағытталған бастамалардың бірі. Шақшақ Жәнібек ескерткішінің бой көтеруі, атақты мерген Кейкі кесенесінің ашылуы мен батырдың бас сүйегінің жерленуі осының айғағы. Біз Ыбырай баба кесенесін ұстаздар күні қарсаңында ашып отырмыз. Мавзолей құрылысына 81 миллион, ал айналасын абаттандыруға 72 миллион теңге қаражат жұмсалды. Бұл орын енді шағын саябаққа айналып отыр. Нысан Қазақстанның киелі орындарының картасына ұсынылып, сарапшылардың қолдауына ие болды. Жұмысты қолға алған "Маңғыстау реставрация" мердігер компаниясына, оның басшысы Құралбай Озғанбаевқа алғысымыз шексіз, – деді аймақ басшысы Архимед Мұхамбетов.

Реті келгенде айта кеткеніміз жөн, аталмыш кесенеге университетіміздің және өзге аймақтардан келген студенттері қызығушылықтарын білдіріп, бұған дейін де ұлы тұлғаға деген құрметтерін танытып, бірнеше рет арнайы келген болатын. Сол кездері кесене айналасына тазалық жүргізіп, бабаларымыздың рухына құран бағышталған еді. Міне, бүгін аталған кесене қайта жаңғыртылып, адам танығысыз өзгерген. Бұл да қазақ тарихында өзіндік орыны бар тұлғалардың ұмытылмайтының көрсетіп берсе керек.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

Елдес Омарұлының кітабы жарық көрді



Биылғы жылы Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл, Алаш арысы Елдес Омарұлының туғанына 125 жыл толып отыр. Осыдан бірнеше ай бұрын «Қамшы КЗ» порталы «АЛАШ АРЫСЫ ЕЛДЕС ОМАРҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫН ШЫҒАРУ ҮШІН ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ!» деген мақала жариялап, «Наурыздың 15-інде Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріне арналған ғылыми конференцияда Ахмет Байтұрсынұв атындағы ҚМУ профессоры, жазушы, филология ғылымдарының кандидаты Ақылбек Шаяхмет Қостанайдан арнайы келіп Байтұрсынұв мұрасы туралы баяндама жасады» — деп атап көрсетіп, жазушы жинақтаған кітаптан үзінділер басқан еді. Сол игі бастама жалғасын тауып, Қостанай облысының әкімі Архмед Мұхамбетовтың демеушілігімен Астанадағы «Фолиант» баспасынан көрнекті мемлекет қайраткерінің шығармалар жинағы қазақ және орыс тілдерінде мың дана таралыммен жарық көрді. Кітапты құрастырған ғылым докторы Марат Шуақиев пен профессор Ақылбек Шаяхмет.

Алаш ардақтысы Елдес Омарұлының шығармалар жинағына оның қазақ және орыс тілдерінде жазылған шығармалары енгізілді. Бірақ, ғалымның еңбектері бұл кітапта түгел қамтылмаған. Көптеген туындылары әлі жинастырылмаған немесе араб және латын әрпінен кирилл әрпіне көшірілмеген. Бұл туындыларды мұрағаттан тауып, жариялау келешекте ғалымдардың үлесінде. Әзірше қолда бар шығармалар ғана оқырмандар назарына ұсынылып отыр. Кітап әдебиет зерттеушілеріне, тілші ғалымдарға, Алаш тарихы мен әдебиетіне қызығушылық танытқан барша оқырманға арналған.

Төрт бөлімнен тұратын жинақтан Елдес Омарұлының мақалалары және баяндамаларымен, мұрағаттар материалдарымен, Елдес Омарұлы туралы пікірлермен және құжаттармен танысуға болады.

Кітапта Махмұт Қашқари атындағы түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін халықаралық сыйлықтың, «Алаш» халықаралық сыйлығының лауреаты Ақылбек Шаяхметтің алғысөзі берілген.

Жаңа туынды



Л.Н. Толстой атындағы облыстық кітапханада филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ профессоры Алмасбек Әбдісадықовтың «Қазақ хандығы және тарихи аңыздар» атты зерттеу кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Қазақ хандығының қалыптасу тарихының тамыры тереңде жатыр. Қазақ елінің сонау ғасырлардан бергі тарихын насихаттап қана қоймай, бүгінгі күні асыл мұраға айналған құнды еңбектер бар. Өскелең ұрпақтың санасына ұлт мұрасының қаншалықты бай екенін жеткізетін, қазақ халқының байтақ та дархан жерінің тарихын аңыздар желісіне негіздеген туындылар қатары көбейіп келе жатыр. ҚМУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Алмасбек Әбдісадықовтың жаңадан жарық көрген «Қазақ хандығы және тарихи аңыздар» атты еңбегі соның бір дәлелі іспеттес. Облыстық кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен аталмыш зерттеу еңбегінің тұсаукесер рәсімі өтті. Іс-шараға келгендер қатарында ҚМУ профессоры Қалқаман Жақып, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Нағашыбай Мұқатов, ҚМПИ тарих факультетінің оқытушысы Өтеген Исенов, экология ғылымдарының докторы Жиентаев Сансызбай және студенттер қауымы болды. Мемлекеттік тапсырыс бойынша басылып шыққан кітап 5000 тиражды құрайды. Тарихшы-ғалым Алмасбек Әбдісадықовтың зерттеу кітабында XV – XIX ғасырлардағы қазақ халқының жеке ұлт болып қалыптасып, тәуелсіз Қазақ хандығы мемлекетін құрған дәуірі сипатталып жазылған. Сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен ел билеген жандардың, билерлердің қазақ жерінің біртұтастығын сақтаудағы өлшеусіз қызметінің, батырлардың ерен ерліктерінің тарихи жыр-

аңыздарда қалай көрініс тапқаны өзек болған. Бүгінгі заманымызда маңызды мәселеге айналған рухани құндылықтарды пайымдау жұрттышылықтың аңыздар дерегіне деген қызығушылығын арттыра түседі.

–Осы күнге дейін тарих саласына қатысты бірнеше кітаптар шығарған болатынмын. Бұл кітап негізінен менің докторлық диссертациямның монографиясы. Өкінішке қарай кітаптың ішінде жазылмаған, бірақ монографиялық еңбекке жатады. Өз ізденісім мен жаңашылдыққа көп мән бергенімді де айта кеткім келеді.

Кітаптың мазмұнының өзі кіріспе, негізгі бөлім сияқты емес, «Аңдатпа», «Зерде», «Қанжыға» деген сияқты атаумен жазылуы автор идеясының ерекшелігі екендігін көрсетеді.

Іс-шара барысында қатысушылар автор және оның еңбек жолы туралы әңгіме өрбітті. Сондай-ақ қазақ тарихын зерттеу жолындағы қызметін айта отырып, болашақ ғалымдарға үлгі боларлық тұстарын аша түскендей болды. Рәсімнің қорытындылау кезеңінде автор өзінің кітап жазу барысындағы қолданған әдістерін, пайдалы кеңестерімен бөлісе отырды.

Қазақ елінің батыр да қайраткер тұлғалардың ерлігін насихаттаған ерлердің игі ісі қашанда көпшілікке үлгі бола білген. Жалпы ұлттың рухани құндылығын байытуға және жастардың бойында патриоттық сезімді тәрбиелеуде мұндай зерттеулердің құнды дүние болатынына сенімдіміз.

Әзиза ӘНУАРҚЫЗЫ,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ
2-курс студенті

Ахаң – ұлттық руханияттың ұлы міні

Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 145 жыл

К. С. С. Р.
НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ ПО ПРОСВЕЩЕНИЮ
Отдел *Жизнописания*

ПОСЛУЖНОЙ СПИСОК.

Фамилия, имя и отчество: *Байтұрсынұлы Ахмет*

Дата и место рождения: *5 Октября 1872 г. Жамбылская губ. Тургая вол. д. Кара, с/п.*

Где и какое учебное образование: *В Туркестанском Университете*

Служба в вооруженных силах: *на службе и не служив*

Последнее место службы до поступления в НКП: *Жизнописатель*

Степень образования: *Мастер*

Период	Россий.	Узб.	Ислам.	Россий.	Узб.
<i>Март-апрель</i>	<i>1918 г.</i>				
<i>Апрель</i>	<i>1918 г.</i>				
<i>Июль</i>	<i>1918 г.</i>				

На какие должности назначался и исполнял:

Возраст на момент поступления: _____

На должности: _____

Не назначался: _____

Прочие должности: _____

Ахаң алаштың бағына жаратылған адам. Оның ұлтына деген сүйіспеншілігі мен халқына деген күш-қуаты мен төзімділігіне қайран қаласың. Бүгінгі Тәуелсіздік таңында Егемендікке ие болып қалған ұрпақ үшін мәңгілік үлгі. Өйткені, Ахаң сөзі мен ісінде қазақ баласының мәңгілігінің мәселесі хатталған. Ұлттың көсемі, ұлттың ұстазы, ұлттық тіл ғылымының негізін салушы, ұлт қайраткері, ұлт ақыны қасиеттері Ахаңның өнегелі өмірін толықтырып кемеңгерлік деңгейге жеткізді.

Ахаңды оқып түсінген сайын қазақ жұртының мұң-мұқтажын, жағдайын, қазаққа не істеу керек екенін ұғынасыз. Соңғы жылдары, әсіресе, басқа мәдениетті жұрттар сияқты бізде Ахмет Байтұрсынұлы сияқты дара тұлғаларымызды ардақтап, олардың басып өткен әрбір ізін, қадамын, өмірінің әрбір күн, мезетін (сәтін) түгендеуге тырысын келеміз.

Тарихымызды жасаған тұлғалар өмірбаянын неғұрлым терең таныған сайын шындықты шынайы тұрғыда бағалап, өмір сахнасына орнықтыра бастадық.

Сонымен, өткен 2016 жылғы қыркүйек айының 5-ші жұлдызында академик Кенжеғали Сағадиевтің басшылығымен Әулікөлде өткен республикалық ғылыми-теориялық конференцияда тұжырымдалған Ахмет Байтұрсынұлының туған, атылған (5.IX.1872-8.XII.1937) күндері туралы шешім болып негізделді. Бұған қайраткердің өз қолымен (орысша) толтырған өмірбаяны (Жизнописание) мен 1926 жылы Алматыдағы Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетіне профессор болып арналасқандағы өз қолымен толтырған анкетасында «1827 жыл 5 қыркүйек 5 аул» делініп жазылған.

Ахмет Байтұрсынұлы қалай, қай дәреже, атақпен ұлықтасақ та артық болмақ емес. Оның бойына бәрі де сияды. Ахаң ең алдымен шын мәніндегі реформатор қайраткер. Оның барлық саладағы (ақын,ғалым,аудармашы, ұстаздығы,редакторлығы б.б.) қырлары осы қайраткерліктен бастау алған. Халқына ең жоғары деңгейде қызмет етіп, еңбек сіңіріп 65-тен асқан қарт шағында айуандықпен мерт болып, атылған Ахаң: кітап жазып,бала оқытты, әліппе жазып түрледі, тіл ұстартты. Алаш партиясына кіріп, Алаш үкіметін құрысты. БҰҰ мойындаған 193 мемлекеттің бірі болып 1920 жылы 20 тамызда Қазақ автономиялы республикасын жариялаттырды. Халықтың қырғыз деген атауын өшірді.

Ахаң жайында толық айтылып, толық мойындалмай жүрген нәрсе – Қазақстан Республикасының шекарасын белгілетіп, 1919 жылы Ұлттар ісі жөніндегі комиссар Иосиф Сталинмен, Совнарком Ленинмен кездесуі, шекаралық комиссияға Әлімхан Ермековты ұсынуы. Қостанайды- Челябинге, Маңғыстауды- Закаспий округіне, Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарының кейбір аудандарын Өзбекстаннан қайтарған да-- Ахаң. Қырғыз атын жойып қазақ ұлты атандырған да-- Ахаң. Бір ақ сөзбен Ахаң кемеңгер адам.

Биылғы жылы туғанына 145 жылдығын алғаш төл туған күні 5-ші қыркүйекте өзініңатындағы Қостанай Мемлекеттік Университетінде атап өткен туған өлке тұрғындарына, Ахаң ұрпақтарына мереке құтты болсын, Ата атына сай ізбасарлар өлкеден өсіп өне берсін!-демекпін.Жылма жыл Білім Күнімен шендес аталып өтетін осы Қазақ күнтізбесінде һәман тойлана беретін болсын!

Ибраһим Ағытай.

Ахметтанұшы,

ҚР Журналистер Одағының мүшесі.

Мақшақ Жәнібек батырға

Өмір жүгін арқамызға күн тиіп,
Ағытылды сыр тарихта бір тиек.
Тлау тұлғалар қандастармен қауышқан
Шапағаттың айы болды қыркүйек.

Селт етті де сезімі пәк бар қазақ,
Тарихтағы білер өткен жылды азап.
Мәриэр мүсін мақтанышты оятты,
Батыр баба көркі болды тыл ғажап.

Бодандықта өтпесін деп бір күнім,
Анық білген еркіндіктің дүр құнын.
Мақшақ тегі Қошқарұлы Жәнібек
Тарпаң тұған оғланы түркінің.

Маңдайынан күн сүйетін көктегі,
Аңсағанда сайын дала көк бөлі,
Қары сынбай, тартып тұған қанына.
Тілерсегін қырқып кетер көкбөрі.

Еркін елдің атқан сайын нұр таңы,
Аралайды аты қырды-қырқаны.
Қазағынның қас батыры Жәнібек,
Жан серігі жауда қалмас тұлпары.

Жазық маңдай, еңсе биік, иық кең.
Өн бойына қадір –қайрат жиып тең,
Аманат қып алашына тапсырған
Кең далаға көз салып тұр биіктен.

Тұған елдің тік қадаған туындай,
Айқастарда ащы терге жуындай,
Бейбіт күнде беймарал тұр тұғырда
Қынабынан қылышыңды суырмай.

Атқан сайын арайымен таң күліп,
Атың жатар жер бетінде жаңғырып.
Алашыңның айбарындай құшпанға
Тұғырыңда тұршы, баба, мәңгілік.

Әсия Беркенова
Қазақстанның Халық ақыны

Ескерткіш ерікті адамдардың қаржысына тұрғызылды. Қаржы жинау мақсатында "Жәнібек-тархан" қоғамдық қайырымдылық қоры құрылған болатын. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқытушылары мен қызметкерлері де бір күндік еңбекақыларын осы қорға аударды.

Батыр басы

Кім біледі ғазиз басы Кейкінің,
Тәнсіз қалған қалпына не дейтінін?!

Білеміз біз қорқау қасқыр қу бастың,
Көздерінің, майын алып жейтінін.

Сол бір баста құлақ пенен ауыз бар,
Тек көздерін жаба алмайты жауыздар.
Басы жоқ, тән елдің ішін әлі де
Кезіп жүрген елес деген аңыз бар.

Кене ханның қолды болған басындай
Ақиқатты айту керек жасырмай.
Сарбаздар көп шейіт болған шайқаста,
Сабаз еді көбі сайдың тасындай.

Сұқ саусағын кезегенде сестілер,
Біген басқа ел қайғысы естілер.
Аяқ-қолым аман болса болды деп
Жүрген басқа, бәлкім, ақыл кеш кірер.

Тосын болса қас батырдың ажалы,
Үстап берсе өз қандасы – қазағы,
Мерді болған жүргеніне маз болған,
Есін ерді жоқтайтындар аз әлі.

Сорлы заман көткеншектіп, кер кеткен,
Соры қалың ердің жасын көлдеткен.
Жан-жарының ішін жарып, ұрпағын
Істікке ілген не күтесің, жендеткен?!

Қолы қалған ердің семген денеде,
Соры қалған айдалада, төбеде.
Аңдып жүрген жауын тура айта алмай
Қапы қалса, оған басы сене ме?!

Сұрқияның дәуіріне кез келген,
Мезі болған алып-қашпа сөздерден,
Сұмырайды көздеп тұрған секілді
Бесатарын тастамаған қолмерген.

Ғазиз басы мұнда жатқан адамның,
Бейнесіндей соқыр, керең қозғалың.
Қайран, елім!

Моғалмасын бастарың,
Моғалмасын бұдан былай саған мұң.

Парқын біліп адал менен арамның,
Жігін ашып халал менен харамның,
Есі кірген естіялар көбейсін,
Ерлік ісін мақтан етер бабаңның.


Ақылбек Шаяхмет

Кейкі батыр ел есінде

Былырғы жыл еліміз үшін айтулы жыл, себебі қаншама жылдар бойы Ресейдің Петербург қаласында Кунсткамерада тұрған батырдың бас сүйегі Қазақстанға жеткізілді. Содан бері көптен күткен тарихи сәт қыркүйек айының 15-ші жұлдызы күні, сағат 11:00-де Арқалық қаласы Амангелді ауданы Тасты ауылында арнайы салынған кесенеге батырдың бас сүйегін жерлеу рәсімімен жалғасты. Іс-шараға ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова, ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов, Венгрияның Қазақстандағы елшісі Барани Андраш, сондай-ақ ҚР Парламенті депутаты Қуаныш Сұлтанов пен танымал жазушы Сәбит Досанов қатысты. Рәсім басталмай тұрып алдымен батырдың рухына құран бағышталып, арнайы құрылған киіз үйлерде ас берілді.

Кейкі (Нұрмағанбет) Көкембайұлы – 1916 жылғы Торғайда болған ұлт-азаттық көтерілісінің батыры, атақты мерген. Қостанай облысы Амангелді ауданының Байтума қопасында дүниеге келген. Болашақ ұрпақтың қамы үшін өмірін күреске арнаған тұлға.

Жерлеу рәсімінен кейін Арқалық қаласында «Кейкі ба-




тыр. Өмірі мен өлімінің тарихы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Сондай-ақ жиналған жұртшылыққа "Кейкі батыр" театрландырылған қойылымы көрсетілді. Конференциядан бөлек спорттық ойындар мен ақындар айтысы ұйымдастырылғанын да айта кеткен ләзім.

Кейкі батырдың бас сүйегі туған жеріне жерленуі халық рухын асқақтатқан айтулы оқиға. Оны осы рәсімге жиналған халықтың көңіл-ниеті анық көрсетті. Іс-шараға қатысқан ұлт қызметкерлері елін, жерін қорғаған осындай батырларымыз бүгінгі ұрпаққа үлгі екенін айтады.

Айдана АЙБЕКҚЫЗЫ



Сен үшін идеал кім, қазақ баласы?



Заман өзгерген сайын, қоғам ілгері басып дамып келеді. Өткен ғасырдың жастары мен қазіргі ХХІ ғасырдың балаларының арасы жер мен көктей десек артық айтпаспыз. Біліммен қаруландыратын мектептерінен бастап, күнделікті тұтынатын тұрмыстық заттарға дейінгі елеулі өзгерістер бала өміріне етене кірісіп кетті. Қазір әрбір оқушыда бар смарт құрылғылар ең қажетті, тіпті онсыз күнін елестете алмас затқа айналған. Әрине, құрылғылардың пайдалы және зиян жақтары жетерлік, бұл бір монетаның екі жағы болатыны секілді. Осы құрылғының арқасы ма, әлде тағы бір жағдай бар ма, қайдам, қазіргі жасөспірімнің арманы мен қиялы да, тіпті, идеалы да өзгеше болып жатыр. Ия, түсінікті жайт. Инновация, көркею, даму дейміз, бірақ та сол алға басамыз деп артқа табандап жатқан жоқпыз ба?

Қазіргі балалар білімді болу – ең басты мақсат емес деп санайтын секілді. Олар бәрінің құны бар екенін, сатып алуға болатынын жақсы біледі. Білім ошақтарына нарық ережесі мықтап табан тірегенін осыдан-ақ аңғаруға болады. Әлеуметтік теңсіздік таразының екі табағына оқушы мен мұғалімді отырғызып қойды. Кейбір бай баласы мұғалімін тыңдамайды. Сөз салғыластыруға бар. Реті келсе, сабап та кетеді. Шектен шығып бара жатқандарды баяғыдай тәртіпке шақырып, ұрып алу қайда. Қол көтермек түгіл, қатты сөйлеуге қорқады мұғалімдер. Егер ондай жағдай орын алса, бала әке-шешесіне айтып баруы әбден мүмкін. Әрине бұндай жағдайда баланың әке-шешесі мұғалімге мораль оқу үшін бірден жетіп келеді. Әншейінде

жиналысқа адам жіберіп шақыртып ала алмайтын ата-аналар баласының құқын қорғауға шебер-ақ. Ал мұғалімнің құқын кім қорғап жатыр? Баланы түзу жолдан тайдыратын тағы бір құбылыс ол әлеуметтік теңсіздік болып табылады. Қазіргі тап бай баласы мен кедей баласы болып бөлінген. Ішкені алдында, ішпегені артында бай баласын көргенде кедей баласы қалай ашынаатынын білесіз бе? Ол да сол бала секілді қалаған затын сатып алып, қалаған жеріне барғысы келеді. Бірақ тұрмысы бұған жол бермейді. Қалай жасымасын? Ашынудың, жасудың соңы қылмысқа термелейтіні тағы бар. Міне осыдан жасөспірімдер арасында ұрлық, адам өлтіру сияқты ауыр қылмыстар орын алып жатыр.

Бала үшін ұстаз идеал болудан қалды. Бұрынғы кеңес дәуіріндегі сияқты патриоттыққа тәрбиелейтін пионер, комсомол деген идеологиялық ұйымдары келмеске кетті. Сонда бала кімге еліктейді? Үйдегі ата-анасы тіршілік қамымен жүріп баласына тәрбие беруге уақыты жетпей жатады. Қалай да ақша табам деп жұмысқа салынып жүрген ата-ана идеал болуға жарамай жүр. Сонда бала кімге еліктейді? Мұғалімге ме? Олардың екіжүзділігін (бәрінің емес) күнде көріп жүрген бала одан жиренбесе, үйрене ме? Кейде оларға да жаның ашиды. Жоғарыға жалтақтап, директор не айтса да бас шұлғымасқа шамалары жоқ. Жұмыссыздық мұндай басшылардың оң жамбасына оңтайлы болып тұр ғой.

Қалай болғанда да ұстаз шәкіртін сүюі тиіс. Ұстаз күресуі тиіс. Оқушысының болашағы үшін. Оның ертеңге деген сенімі үшін. Адалдық үшін. Әділдік үшін. Онсыз ұстаз – ұстаз емес. Жасырары жоқ, қазір адалдық та идеал болудан қалған. Ұятты ойлайтын, біреуге ор қазбайтын, ақкөңіл адам кейбіреулер үшін біртүрлі адам болып көрінетіні рас. Қазіргі қоғамның ұстанымы - күшті болу, мықты болу. Әлсізсің бе, жаншып кетеді. Таптап кетуден де тайынбайды. Тіпті әлсіздігіңді көрсе, бетіңе мысқылдап қарап, мырс-мырс күлуден де тайынбайтындар бар. Капитализмнің заңы берік қалыптасып келеді. Сондықтан да біраз жұрт әлімжеттік қылуға, күштілігін көрсетуге талпынады. Әріптеске адалдық, қоғамға, елге адалдық деген ұғымдар қалып тұр.

Өресі биік, санасы сара, адалдықты ту етіп көтерген шәкірт ешуақытта да біреудің алдын кесіп өтпейді. Өйткені, тәрбие көрген. Дұрысы, ұстаз көрген. Қазақ баласы үшін бұл- үлкен баға.

**Әйгерім Шаяхметова,
ГӘФ журналистика мамандығының
2-курс студенті**

Қырқылған қанат

Ұзын көше. У-шу. Көліктің жүрген дыбысы, асығып жүрген адамдар. Бірі жұмысқа, бірі ауруханада жатқан жақынына асыққан жан, енді бірі кездесуге асық ғашық жандар. Әрқайсысының асығуының өзіндік себебі бар. Ол тек өздеріне ғана аян.

Біраз қадам басып сол жаққа қарасаң, ешқандай уайым-қайғысыз жүрген, тек ойынның қызығына батқан балалардың күлкісі мен бал-бұл жанған жүзін көресің. Ал сол алаңда ескілеу келген орындық тұрушы еді. Сол орындыққа күн сайын кешке қарай әжейлер отырып, бір-бірімен әңгімелесетін әдеттері. Кім біледі, ол қарт әжейлердің не жайында сөз қозғайтынын. Мүмкін жастық шақты еске алып, мына өмірден көрген-білгенін айтып отыратын шығар. Мен оларға жақындап барып, әңгімелеріне араласып, сол жандармен сөйлескім келеді. Бірақ... бірақ ол мүмкін емес. Мен тек алыстан осы көріністерді тамашалап отырамын. Мына қараңғылық басқан бөлмеден шыққым келмейді. Тек өзіммен-өзім сол көріністі терезеден тамашалап отырамын. Бүгін тағы солай бір күнім өтті. Әдеттегіше оларға қызығып, терезе алдына жақындадым. Анашыма пердені жылжытуды өтіндім. Менің сүйікті қамқоршым, лезде пердені жылжытып, кең әлемді кедергісіз тамашалуға жағдай жасады.

Күндегі көріністі көргім келді. Мен күткен балалар, асыққан адамдар, шүйіркелескен әжейлер, қол ұстасып, бақытқа бөленген ғашықтар... Міне, мен соларды сырттан тамашалаймын. Бірақ оларға қосылмаймын. Неге дейсіз бе? Өмірімдегі сол қорқынышты күнді ешқашан ұмытпаспын. Сол жауын, сол жол апаты, бәрі... бәрі көз алдымда. Нәсерлі күн менің өмірге деген махаббатымнан айырды, өмірдегі арман-мақсаттарымды бір сәтте жоққа шығарды. Сол себепті де мен жауынды күнді ұнатпаймын. Жауын - мен үшін жау іспетті. Ол келген сайын мен жасырына қоямын. Осыдан-ақ өзімнің әлсіздігімді сезінемін. Ол маған жиі келетін жау. Ол-жауын. Әр жауынның тамшысы, менің көз жасым іспетті. Соның салдары болар, кей-кейде өмірден безіп, о дүниеге аттанғым-ақ келіп кетеді. Бірақ олай жасай алмаймын. Себебі, анамды ойлаймын. Жауын - мені аяғымнан айырды. Ол менің өмірімдегі ең қымбат адамның жанын алды. Мен сол себепті де "жауын сені жек көремін!". Бүгін сол көрініс тағы қайталанды, анашым пердені жылжытқанда менің жауым-жауын келді. Бірақ, бұл жолы мен одан қорықпаймын. Бұл жолы мен оны жеңемін деген ой келе қалғаны...

- Анашым мені сыртқа шығаршы.

- Қызым бірақ...

- Білем анашым, бірақ мен оны жеңгім келеді. Бүгін мен онымен күресем. Мына өмірге қайта

оралам. Мына қараңғылықтан құтыламын. Сананы сандалтқан сан түрлі ойды қуып шығамын.

Анашым мені сыртқа шығарды. Жауынның әрбір тамшысы денеме тигенде бес жыл бойы бойымды билеген қорқыныштан айықтым. Жауын менің өмірге қайта оралуыма көмектескендей болды. Менің жауым, жауын емес, ол - қорқыныш, адамдардың аянышты көзқарасы екен ғой. Мен осыны ұқтым. Ия... ия солай менің енді алаңға шығып әжейлермен сөйлескім келеді, жаныма жақын бақытты көріністерді жанына келіп тамашалай алатын батылдық бойымды билеп барады. Қош бол - қорқыныш. Бүгін мен сенімен мәңгілікке қоштасамын.

Серікбай Ақниет
ҚМПИ-дың филология факультетінің
3 курс студенті.



Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу - басты мақсат



Сүйікті Отанымыз Қазақстан егемендік алған 25 жылда экономика, саяси, әлеуметтік салаларында және халықаралық аренада ауыз толтырып айтуға тұрарлық керемет жетістіктерге жетті. Қазақ елінің мүдделері, туған жеріміз бен ұлтымыздың болашағы, халқымыздың абыройы мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі - жастардың қолында. Сондықтан, қазақ жастары қандай білім нәрінен сусындап, кімдерден және қандай мол үлгі – өнеге алғанда, қандай жақсы істерді абыройлы атқаруды үйреніп, санасы мен жүрегіне қандай ізгі қасиеттер мен ерекше қабілеттерді сіңіргенде еліміздің бағындырған биік асулары мен тәуелсіздігіміз баянды болуына, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға, мәңгілік ел болу асқақ арманына Қазақстан тез арада жетуіне жігіттер мен қыздар өздерінің қомақты үлесін қосуға мүмкіндік алады?

Президентіміз Н. Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тарихи мақаласында

көтерілген маңызды мәселелерді және ұсынылған шешу жолдарын толық қолдаймын және ұлтымыздың рухани жаңғыруына өз үлесін қосу - әрбір саналы азаматтың қасиетті борышы деп есептеймін. Сондықтан, ғалым әрі ұстаз ретінде қазақ жастарының рухани жаңғыруына көмектесу үшін жігіттер мен қыздардың мінезіндегі және өмірге көзқарасындағы кемшіліктерін қалай жойып, істеріндегі қателіктерін қалай түзетуге болатындығы туралы ақыл – кеңестер беріп, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу процесін қалай жандандыруға болатындығы туралы нақты ұсыныстарымды айтып, дана халқымның пікірін білуді жөн көрдім.

Байлық деген жаңадан пайда болған өткінші псевдоқұндылық қазақ жастарының санасы мен жүрегінен ұлттық рухани құндылықтарымызды ысырып тастаған заманда, туған жерін жаудан қорғап, елі мен халқына пана болудың орнына тепсе темір үзетін жастық шағында қазақ жігіттері, тілі салақтап, опасыз дүние байлықты қуып, өмірін босқа өткізіп жүрген заманда, қазақ қыздарының арасынан күйеуін ағасындай құрметтеп, қайын атасы мен енесін өзінің әке – шешесіндей силайтын және қайын жұртының алдындағы келіннің парыздарын бұлжытпай орындайтын иманды келін табудан құс сүтін табу оңайырақ болып кеткен заманда ұлы қазақ халқының ұмытыла бастаған тектілігіне жан бітіріп, қайта тірілтетін, ұлтымыздың аяқ асты бола бастаған абыройы мен беделін қайтадан асқар таудай биікке көтеретін, сүйікті Отанымыз Қазақстанға дамыған мемлекеттердің ең төрінен ойып тұрып орын әперетін қазақтың қайсар жігіттері мен әдепті қыздарын қандай ата – ана жарық дүниеге әкелер екен, қандай ұлағатты ұстаз тағылымы мол тәлім – тәрбие мен тигізер пайдасы орасан зор сапалы білім беру арқылы қазақ халқы мен туған жерін жанындай сүйетін ақылды ұрпақ тәрбиелеп, жастардың ұлттық рухының жанын кіргізіп, ұлттық санасын оятып, ұлттық болмысын қалпына келтірер екен?

Өз ұлтынан шыққан ғұламаны мүлде мойындамайтын, мың өліп, мың тірілген қазақ халқының тағылымы мол ұлы тарихын терең зерттеп, үлгі – өнеге алуды қажет деп санамайтын, жауларымен арыстанша арпалысып, туған жері мен сүйікті елін абыройлы қорғап, кең байтақ жерді мирас етіп қалдырған батыр бабаларымыздың алдындағы ұрпақ парызының батпандай ауыр салмағын сезінбейтін, орыс империясының бодандығында ғасырлар бойы зорлық–зомбылықтан көзін ашпай, қайғы -- мұңға батып отырған қазақ халқына тәуелсіздік әперуді армандап, қасиетті күрес жолына саналы өмірін арнаған және жауының ал-

дында басын имей, ұлттық рухымызды дұшпанның сындыра алмағанын, ұлтының намысын қазақтың жігіттері жаудың аяғына таптатпағанын, сарғая күткен азаттық таңы қазақ халқының көкжиегінде де арайлап ататынына күмәнсіз сенген дана бабаларымыздың үкілі үміттерін қас дұшпанның өшіре алмағандығын бүкіл әлемге паш еткен қазақтың бір туар азаматтары - Алаштың арыстарына басын иіп, тағзым етуге және ұлағатты өмірлерінен үйренуге ақылы жетпейтін қазақ жастары туған жерін, елін және мемлекетінің тәуелсіздігін жаудан қорғап, ұлтының рухани құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтап, қазақ халқының үкілі үміттерін ақтай ала ма, ұлтына қорған, еліне пана бола ала ма, құрметті оқырман?!

Ұлтының абыройын ұлдары мен қыздары айрандай төгіп жүрсе, билік тізгінін ұстағандар халыққа адал қызмет жасаумен емес, халқының байлығын тонаумен атын шығарып жатса, жастарға дұрыс ақыл – кеңестер беріп, сара жолды көрсететін абыз қариялар мүлде азайып кетсе, ғұлама бабаларының тағылымы мол өсиет сөздерін жастар білмесе, кең байтақ жерді ұрпағына мирас етіп қалдырған текті бабаларына басын иіп, шексіз алғыс айтуға және бабалар аманатына адал болуға жас ұрпақтың ақыл – парасаты жетпесе, ұл - қыздары өзін мәпелеп баққан анасының тілінде сөйлеуден арланып, бөтен тілде таза сөйлейтінін мақтаныш көрсе, ұлтының ғасырлар елегінен өткен рухани құндылықтарын жастар қастерлемесе, халқының ұлы тарихын терең зерттеу арқылы батыр бабаларының ұлағатты өмірлері мен таңғажайып ерліктерінен жастар үлгі – өнеге алмаса, сонда ұлттық санасы төмен, ұлттық рухы әлсіз, ұлттық болмысын сақтай алмаған ұлдары мен қыздарына сеніп отырған халықта болашақ бар ма, қадірлі ағайын?!

«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» - деген ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өсиет сөздерін қазақ жастары әрдайым естерінде ұстап, орынымен қолдана білсе, қаншама қиын сынақтардан жастар сүрінбей өтіп, қаншама қателіктерді жібермес еді.

Қазақ халқын орыс империясының бодандығынан құтқаруды армандап, сүйікті еліне тәуелсіздік әперу үшін азаттық соғысқа бүкіл саналы ғұмырын арнаған Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы секілді батыр бабаларымызды орыс әскері қолына түсіргенде, оларды ғана өлтіріп қойған жоқ, балалары мен туған – туыстарын да тегіс өлтіріп, бір туар текті азаматтардың тұқымын жойып жіберді. Қазақ елін жаудың езгісінен босатып, халқымызға азаттық әперу үшін өзінің өмірін ғана емес, ұрпағын да құрбандыққа шалған ұлы бабаларымызды көзсіз ерліктерге бастаған алапат күш - туған жеріне, халқына, сүйікті Отанына арналған махаббат сезімі, ұлтжандылық. Олай болса, қарақан басы мен бала - шағасының

қамын ойлаумен ғана шектеліп, халқына мүлде пайдасы тимей, күйбең тірлікпен өмірін мағынасыз өткізіп жүрген қазақ жастарының мұндай бейшара күйге түсулерінің басты себебі --- жүректерінде Отанына деген махаббат сезімінің болмауынан. Демек, қарапайым ғана өмір сүріп жүрген пендені туған жері мен елінің тәуелсіздігі және халқының жарқын болашағы үшін таңғажайып ерліктерге жетелеп, асқар таудай биік тарихи тұлға деңгейіне көтеретін қасиетті сезім --- еліне, туған жеріне, Отанына деген махаббат сезімі, ұлтжандылық, екен ғой. О жапа дүние -- ай, не деген құдіретті сезім десенізші !!! Текті бабаларымыздың бүгінгі білімді ұрпағы бұл қасиетті сезімнің қадіріне жете алмағандықтан, жүрегінің төрінен ұлтжандылық сезімге орын таппай, жетім баладай есігінен сығалатып қойған ақымақтығының кесірінен егемен елде туып, тоқшылық заманда өмір сүріп жатқан қазақ жастары туған халқы өздерін пайғамбардай сыйлайтын азамат деңгейіне көтеріліп, нағыз адам деген абыройлы атаққа лайық өмір сүру бақытынан қалай айырылып қалғандарын және рухани азғындау жолына қашан түсіп кеткендерін өздері де байқамай қалған шығар?!

Жастар қазақ халқының ұлы тарихын терең зерттеудің арқасында ұрпақ қамын ойлаған батыр бабаларымыздың ерлік істерінен, өсиет сөздерінен және тағылымы мол ұлағатты өмірлерінен көп үлгі – өнеге алса, пендешілік сезімдерден тәні мен жүрегі толтық тазартып, биік адамгершілік сезімдерді жүрегі мен санасына сіңірсе, туған жері мен елін жаудан абыройлы қорғауға өте қажет және сүйікті Отанымыз Қазақстанды қазақ халқы бақытты өмір сүретін жер жаннына айналдыруға пайдасы өте зор ерекше қабілеттерді үйреніп, жақсы қасиеттерді жүрегіне сіңірсе және ұлтының мүддесі, абыройы мен намысы, қазақ халқының жарқын болашағы үшін жеке басының мүддесі мен жиған байлығын ойланбастан құрбандыққа шалуға әрқашан дайын болса, сонда ғана шу асау және өте қасиетті сезім - туған жеріне, еліне, сүйікті халқына, Отанына арналған махаббат сезімі, ұлтжандылық, қазақтың қайсар жігіттері мен иманды қыздарының жүректерінің ең төрінен ойып тұрып орын алар ма еді, шіркін ?!

Қазақ халқының болашағы жарқын және еліміз жеткен жетістіктер мен мемлекеттік тәуелсіздігіміз баянды, ал Қазақстан дамыған мәңгілік ел болуы үшін ұлттық рухани құндылықтарды жастардың жүрегіне жас кезінен сіңіріп, ұлттық санасы терең, ұлттық рухы мықты, ұлттық намысы алмас қылыштай өткір, ұлттық тарихи жады даламыздай кең және ақылды, білімді, қайратты, ұлтжанды ұрпақ өсіру - алтын ұя мектеп пен ұстаздардың негізгі міндеті, әрбір ата - ананың басты парызы.

**Абатов Нұрлыбай Төлепбергенұлы,
Қостанай мемлекеттік
университетінің профессоры,
физика-математика
ғылымдарының кандидаты.**

ТІЛ САЯСАТЫ - КҮРДЕЛІ



**«Қостанай колледжі» мекемесі,
қоғамдық пәндердің оқытушысы –
Тотин Бірмағамбет Қойшыбайұлы**

Тәуелсіздік алған жиырма жыл ішінде дүниеге құлдық психологиядан (шырмаудан) ада, еңсесі биік, рухы мықты, сұлу да сымбатты, ақылды да алғыр, білімді де мәдениетті жаңа буын - Ел жастары келді. Көпшілігі алыс шетелдерде оқып, алған білімдерін мемлекет игілігі үшін жұмсауда, заманауи технологияларды, ғарышты меңгеруде. Қазақ қалалық ұлтқа айналып келеді. Олар спортта, өнерде, мәдениетте, экономикада, ғылымда да өз үлестерін қосып, үлкен жетістіктерге жетіп жатқандары қуантады, көңілге зор үміт-арман ұялатады (әсіресе, сырт көзге жақсы әсер қалдыратыны сөзсіз).

Десек те, әсіресе тіл саясатына байланысты айтылар ой-пікірлер де жоқ емес. Бұл - тілге деген сұраныстың жоқтығы, оған қойылатын (әсіресе, мемлекеттік қызметке алу барысында да) қатаң талаптардың болмауынан болып отыр. Бір жағынан, өңірдегі қазақтардың, соның ішінде қазақтілділердің аздығынан да көрініп тұр (сан – сапаны туғызады дегендей), Мемлекеттік органдардың (соның ішінде тілдерді дамыту басқармасының да) жұмыстары мардымсыз жүргізілуде, олар жоғарыдағыларға есеп беру үшін ғана жұмыс істеп жатқан сияқты (күнделікті өмірде байқайтынымыз, тек жарнама түрінде ғана). Сөйтіп, біз қазақи орта қалыптастыра алмай отырмыз (өзірше, газет-журнал, теле-радио редакцияларындағы журналистер ортасында, театр

және оның маңындағы белгілі адамдардың жанында, оқушы-студенттерінің саны аз мемлекеттік тілде оқытылатын мектеп, колледж, ЖОО-дағы шағын бөлімдерде, т.с.с. төңірегінде көрініп қалады).

Меніңше, өткен жиырма жыл – мемлекеттік тілді түсіндіру, айту, үйрету, оған жағдай жасау кезеңі болса, ендігі алдағы жиырма жыл Ел деңгейінде – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуде мәжбүрлеу саясатын жүргізу керек сияқты.

Қанша сыни көзбен қарасақ та, «Қазақтың тілін білу – қазақтың жанын түсіну», «Қазақ тілі – ұлттар достастығының кепілдігі», «Ел болашағы – қазақ тілінде» деп бұқаралық-ақпарат құралдары арқылы айтылып та, жазылып та жатыр, бірақ оған естір құлақ, ұғар бас (сана) қайда? Жастардың көпшілігі ана тілін білмеуі, оның соңы - ата-ананы сыйламау, кішіге ізеттілік, үлкенге құрмет көрсетпеу, өмірдің мәнін – байлықтан іздеуі, оны ақшада деп қабылдауы, т.т. әкеп соқтыруда. Ал, нақты іске келгенде, әрине, кейбір жағдайларда олардың сөйлеген сөздері, істеген істері, өздерін қоғам ортасында ұстаулары жараспайтын ерсі, дөрекі, тіпті тым ұятты болып көрініп қалып жатады (оны күнделікті өмірімізде, республикалық арналарда көрсетіліп жатқан сериалдардан, т.б. көріп жүрміз). Егер, әдет-ғұрып, дағды, салт-дәстүр, мәдениет атаулы адам бойына оның өмір сүруі барысында - тіл арқылы жетіп, даритынын ескеретін болсақ, оның себебін рухани түп-тамырымыздан айырылып қалуымыздан көреміз (зерттеуші-ғалымдардың айтуларына қарағанда, адам туғаннан қай тілде тәрбиеленіп, қай тілді көбірек қолданса оның істеген ісі де сондай болады екен).

Егер нақты мәселеге нақты мысал келтірсек, XIX-XX ғасырдың басына дейін көрші Ресейдің оқымыстылары мен мемлекет қызметкерлері, тіпті қоғам қайраткерлеріне дейін француз тілінде сөйлеп, европаша киініп, тіпті сол тілде ойлайтын да еді, ал кейбіреулері өз туған тілдерінен безініп, орыс тілінде сөйлегенді ар санайтындары да болған (оны сол кездері өмір сүрген ақын-жазушылардың жазған еңбектерінен және солардың желісімен түсірілген кинофильмдерден де көруге болады). Өйткені орыстың игі жақсылары өз таңдаулары бойынша, өздерінің болашақтағы тарихи-саяси даму жолын - Батысты таңдап алды. Бір жағынан олар, мәдениет, білім-ғылым атаулының бәрі европа халықтарының тілдерінде, соның ішінде француз тілінде жинақталып, зерттеліп, сұрыпталып, жазылғанын білді. Содан көп нәрсеге үйренді, көңілдеріне тоқыды (нақтырақ айтқанда, өздеріне керектілерін, қажетті деген дүниелерін алды, Ел азаматтарын тіл арқылы тәрбиелеуге болатынын түсінді, мысалы Отан үшін батыл қадамдарға баруға, іске келгенде темірдей тәртіпке, қоршаған ортаға, дүниеге саналылықпен, салқынқандылықпен, байсалдылықпен, терең үңіліп қарауға, т.б. үйренді), ақыры өз болашағын айқындап,

келер ұрпағына аманат етті.

Ал, қазір ХХІ - ғасырға қадам басқанда аумағы жағынан әлемнің үштен бірін алып жатқан алып мемлекет, саясатта басқалардың өзімен санасатындай тегеуірінді Ресей Федерациясы ресми тіл ретінде қай тілді мойындайды? Француз тілін бе? Әлде орыс тілін бе? Әрине, тек - орыс тілін. Неліктен? Себебі, өз заманында дер кезінде талқыдан өткізіп, тек өздерінің ғана емес сондай-ақ әлем халықтарының тілдері мен өнерін, мәдениетін, тарихын, саясатын, т.б. орыс тіліне аударып, өз уақытында талдап-сараптап өз қолданыстарына енгізді (яғни, француз тілінің керегі болмай қалды). Енді, олар - үйренуші ұлттан, өздері үйретуші ұлтқа айналды. Тарихтан сабақ алу деген осы шығар.

Ал, біз ше? Салыстырмалы түрде айтар болсақ, бізде мүлдем түсініксіз жай. Есімізді жиып, алды-артымызды қарап, өз-өзімізге келіп жеке өз алдына Ұлт (Халық) екенімізді, ата-бабаларымыз аманат еткен болашаққа бастар өз жолымыз бар екенін құрлықтың төрт бұрышына БҰҰ-ның үлкен мінбесінен Тәуелсіз Ел ретінде баршаға жария еткеніміз қашан (тіпті, «Мәңгілік Ел» атты саяси доктринаны да қабылдап үлгердік). Бұл жөнінде «Мәдени мұра» мәдениет жылы, ұлттық тарих жылы, т.б. деп, оларды қайта қалпына келтіру, қайтадан зерттеп жазу, сол арқылы Ел жастары мен азаматтарын тәрбиелеу сияқты мемлекеттік деңгейде түрлі шаралар әліде жүргізіліп келеді. Біз Қазақстан деп аталатын мемлекетті құрдық (Қазақ мемлекетін емес). Бір - Ел, бір - қоғам болып қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе бердік. Өзгеріс бар ма? Әрине бар, әсіресе, саяси-экономикалық жағынан алғанда. Ал, рухани дүниемізге қатысты айтар болсақ, тағы да, біздер (қазақтар) әлі күнге дейін сол орыс тілінен (әлем бойынша үйретуші-қамқоршы тіл болудан қалған, басқыншы-отарлаушылардың тілінен) айырылмай, күнделікті өмірімізде қолданып, тіпті балашағамызды (келешек ұрпағымызды) сол тілде тәрбиелеп жатырмыз. Егер біле білсеңіз, «тұғырлы үштілді» саясаттың өзі болашақта негізінен, екі тілге - мемлекеттік (қазақ) және ағылшын тіліне апарады (ол заманның ағысы, жүректің қалауы). Сорақысы сол, орыс тілін насихаттап қана қоймай,

біздер Ресейдің саясатын қолдаушысы да болып жүрміз. Адам қай тілді көп қолдansa, сол ұлттың тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тіпті сол өркениеттің насихаттаушысы (айталық, көбіне орыс тілінде сөйлейтін адам орыс мәдениетін насихаттап, христиан-православие өркениетін таратушы болып шығады). Қазіргі жағдайда қазақ пен орыстың кіндіктерінің байланып қалуының бір сыры, сөз жоқ - саясатта жатыр. Саясат - дегеніміздің өзін әркім өзінше түсінетін сияқты, егер өзіміздің менталитетіміз тұрғысынан келгенде, әр нәрсеге зерделі көзбен қарап, ақылға салсақ, бәрін - өзімізше, басқаша (тіпті, керісінше), ұлттық мүдде, мемлекет тұрғысынан келіп, іс-әрекет етуіміз керек емес пе. Қатып қалған ештеңе жоқ, бәрі бір орында тұрмайды, заманның өзі өзгеріп отырады, бүгінгі жүргізіліп жатқан саясат та немесе идеология да (толеранттылық мәселеге келгенде де) солай. Бүгін бар да, ертең жоқ (себебі, әр кезеңнің өз ерекшеліктері болады).

Осы тарихи сынақтан өткен тәжірибиені ескере отырып, неге өзімізді - Азиялық-Шығыстық, моңғолнәсілді, шыққан ортамыз - Алтай, тегіміз - Түркі, туған тіліміз - Қазақ, ұстанған дініміз - Ислам, Ұлы Дала Елінің перзенттері, Ұлы көшпенділер өркениетінің мұрагерлері (жалғастырушылары) екенімізді ұмытып кете береміз, соны мақтан тұтпаймыз.

Жалпы, орыстардың, орыс тілділердің ғылыми-мәдени, ақпараттық кеңістігі әлі де кең екенін және т.б. өткен және бүгінгі тарихи-саяси, қоғамдық факторларды ескере отырып, орыс тілінде оқып, тәлім алған азаматтарымыз енді өз балаларының, ұрпақтарының болашағы үшін, Елдің болашағы үшін өз ортасына оралып, әрекет етсе құба-құп болар еді. Құдайға шүкір, қазақ тілінде тәлім-тәрбие алып, қазақи ортада өскен, мемлекеттік тілде жоғары білім алып, спортта, өнерде, мәдениетте, ғылымда, экономикада, саясатта да бірталай азаматтарымыздың артып түспесе, ешкімнен кем түсіп жатпағанын естіп те, көріп те жүрміз. Тоқ етерін айтсақ - қазақ тілінің, салт-дәстүрі мен мәдениетінің, тарихының астарында ұлтымыздың өмірге деген құштарлығы, бақыты, ар-намысы, отансүйгіштік сезімі, тіпті - Ел болашағы да жатыр.





Елін сүйген ер

**Серікбай Бисетаев,
ҚР Парламентінің экс-депутаты,
Қостанай қаласының құрметті азаматы**

Қауаз Әлмағамбетұлы Тәжімақин туралы бұрын жанымдағы жолдастардан, әріптес замандастардан, алдымдағы ағалардан жақсы пікір естіп, өзін бір көруге құмартып жүретінмін. Жәукен Шаяхметов, Бегайдар Аханов секіді ағаларым онымен таныстырған соң талай рет дастархандас болдық. Үлкенге іні, кішіге аға бола білетін кішіпейіл әрі кез келген отырыстың сәні болатын жаны жайсаң ағамен осылайша танысып, етене араласып кеттік.

Қостанай қаласынла Оразалы Қозыбаев атындағы көшемен өткенде орталықтағы көп қабатты бір үйдің қабырғасына «Бұл үйде көрнекті қоғам қайраткері Қауаз Тәжімақин тұрды» деген жазу жазылған ескерткіш тақтаға өткен-кеткендер жиі назар аударып жатады. Шынында да сол кезде қазақ ортасынан шыққан, қалың орыстың арасында еңбек еткен Қауаз Әлмағамбетұлы секілді тұлғалар некен-саяқ болатын.

Оның өмірбаяндық деректеріне көз жүгіртсек, 1927 жылы Қостанай облысына қарасты Сарыкөл ауданында туған. Мектепте де өте үздік оқыған. Атақты қанжығалы Бөгембайдың үрім-бұтағы екенін мақтан ететін.

Еңбек жолын қатардағы мұғалімдіктен бастаған жас жігіт тез арада ел аузына ілікті, басшылардың да көзіне түсті. Қостанай облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланған соң жастар орны – алғы шепте белсенділігімен көзге түсті. Көп ұзамай облыстық партия комитетіне қызметке шақырылды, нұсқаушылық қызметті абыроймен атқарды. Облыстық «Білім» қоғамында жауапты хатшы болған кездері беделді лекторларды таңдап,

ел ішінде кездесулер ұйымдастырып, халықтың арасында жиі болды, өзі де сан алуан тақырыпқа дәрістер оқыды.

Таран аудандық атқару комитетінің төрағасы болған кезінде ауданның экономикалық-әлеуметтік жағдайың жақсартуғв барын салды, әсіресе, ұмыт болып бара жатқан қазақ дәстүрі мен мәдениетін дамытуға айтарлықтай үлес қосты. Ауданда жинақтаған тәжірибе кейін қажетке жарады. Қ.Тәжімақин облыстық мәдениет басқармасының басшысы болып қызмет атқарған тұста қазақтың ұлттық өнері айырықша өркендеп, дамыды. Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан, кейін кенжелеп қалған айтыс өнері қайта жанданды. Ән және би өнерімен қатар терме, толғау секілді жанрларға көп көңіл бөлінді, ел ішіндегі тұма таланттардың жолы кеңейді.

Қақаң өте әңгімешіл, өткен-кеткен жағдайларды қозғап, қызықты оқиғаларды баяндап, жиналған жұртты күлдіріп отыратын. Әзіл-қалжыңға да шебер еді. Мақалдап, мәтелдеп, ел аузындағы әңгімелерді де жиі айтып отыратын. Кейбір сөздерді өзі де жанынан шығарып, қанатты сөздердей айтып отырушы еді. Мысалы, 1987 жылы жазған күнделігінде ол: «Жақсыменен жанасу шуақты, жайлы күнмен тең. Жаманмен өткен уақыт күзгі салқын түнмен тең» - деп жазыпты.

Елге беделді, халыққа қалаулы азаматтың іскерлігі ауыл шаруашылығы қызметкерлері облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы болып тұрған кезде де көптің көңілінен шықты. Ол орта дәрежелі техникалық білім беру саласына да қыруар еңбек сіңірді. Қостанай механика-технологиялық техникумына басшы болып, елімізге қажетті мамандар даярлауға көп күш салды. Қайда жүрсе де, қандай салада қызмет атқарса да,

барын саплады, жанын аямады.

«Біздің Қостанай» газетігінің тілшісі Оразалы Жақсанов газетте жазғанындай: «Ол - қазақтың ұлы жазушысы, кезінде «Ауыл» газетінің қалыптасуына айтарлықтай із қалдырған Бейімбет Майлиннің мерейтойын салтанатты түрде өткізуге мұрындық болған азаматтардың бірегейі» болды.

«Бұл басқосу 1965 жылы Таран селосында ұйымдастырылған еді. Оған, әрине, еліміздің түкпір-түкпірінен Би ағаның аруағын сыйлайтын, мұрасына үлкен құрметпен қарайтын қоғам қайраткерлер, ақын-жазушылар және басқа да құрметті қонақтар жиналды. Сондай-ақ ол облыстық Бейімбет Майлин атындағы әдеби бірлестіктің елге кеңінен танылуына айтарлықтай үлес қосты. Өзінің ақыл-кеңесін әрдайым ортаға салды. Қазіргі жастар осыны біліп жүрсін деп оған әдейі тоқталып отырмын.

Осы арада бір айта кетер жай, ол тек ақын жанды азамат емес, өзі талай поэзиялық жинақтар мен очерктердің де авторы еді. Өңірдегі алғаш ақындар айтысын өткізген көрнекті қайраткер. Ол кезде мұндай салтанаттарды ұйымдастыру кез-келген азаматтың қолынан келе бермейтін» – деп жазған журналистің сөзіне біз де қосыламыз.

Сол жылдары өткен айтыста бас ақын болған халық ақыны Омар Шипин:

«Майданда шыққан батыр жекпе-жекке,

Аты ердің айқастарда кеткен көпке.

Ақыны Аманкелді ауданының

Кезекті Нұрқаннан соң бердім Сәтке.

...Сұңқардай бір жас жігіт қанат жайған,

Шарықтап Мүсілім шықты Қостанайдан.

Қаршығадай Тажімақин Қауаз шықты,

Соколов кеннің көзі Сарыбайдан...

Ақындар, ақындықтың атын ертте,

Айтыста жетісуге айтқан сертке.

Қалмайды төрешіден халық сөзі,

Тармақтап табысыңды жеткіз көпке», - деп айтыстың беташарын ашып, Қауаз Тажімақинды қаршығаға теңеген болатын.

Нұрхан мен Сәт секілді көрі тарландар қатысқан сол айтыста жастардан оза шапқан жас айтыскер ақын орысы көп, ақыны жоқ Рудный қаласының атынан айтысқа түсті. Облыстық мәдениет басқармасының бастығы болып лауазымды қызмет атқарып отырса да тәуекелге бел бұды. Бастықпын деп шіренбеді, ақынмын деп лепірмеді, орынды сын айтты.

«Қостанай жүз жыл, міне, орнағалы,

Белгілі содан бері қолда бары.

Жеті жыл салынғаны жалғыз көпір,

Ұят-ау, соның елі болмағаны», - деген уытты жолдарымен қарсыласын жеңіп шықты.

Қауаз аға өмірдің әр кезеңінде жазған өлеңдерін кейін жеке кітап қылып жарыққа шығарды. Бұл өлеңдерде ақынның жан сыры, жүрек жыры бар. Мәселен «Өмір» деп аталған жырында ол былайша толғанады:

Қандай өмір, оттай лаулап жанбасаң,

Қандай өмір, болашаққа нанбасаң.

Қандай өмір, заманыңа сай болып,

Қиындыққа қарсы адымдай алмасаң.

Қандай өмір, Отаныңды сүймесең,

Қандай өмір, көкірекке ой түймесең.

Қандай өмір, ел басына күн туса,

Қолға жебе, үске сауыт кимесең.

Қандай өмір, білмегенде елінді

Касарыста буа алмасаң белінді

Қандай өмір, оң-солында айыра алмай,

Қарындас пен қоса алмасаң келінді.

Қандай өмір, досқа көңілің толмаса,

Қандай өмір, сүйген жарың болмаса.

Қандай өмір, нашар болса ұл-қызың,

Өмір емес, көрген күнің далбаса.

Оның «Мен кіммін!» деген өлеңі оқып көрсеңіз, автордың барлық адамгершілік қасиеттері мен азаматтық кредосы айқын көрінеді.

«Мен барға бармын. Жоққа жоқпын. Адал ниет. Ақ көңіл. Жылу шашқан манына Қайыңнан қызыл шоқпын. Мен байлығымен елімнің, еңбегімен ерімнің, Көркіменен жерімнің Қолда барға тоқпын. Мен барға бармын, Жоққа жоқпын. Мен ермін елін сүйген, жусанды, бетегелі жерін сүйген, айдынды жарқыраған көлін сүйген. Халқыма жылу отпын. Мен достыққа ғашықпын, қол беріп, бас иетін, зұлымдықтан қашықпын. Елім берген қасиетім. Ұраным бейбітшілік, Ата-анам, ел сүйетін. Қанқұмарға жоқпын. Мен кіммін? Барға бар, Жоққа жоқпын. Халқым баптап қайраған, Өткірмін алмас найзадан. Жанмын содан таймаған. Отанымның данқы үшін, Бостандық, бақыт салты үшін, Тыныштық бұзар жау болса, Атылар соған оқпын».

Жылдар өте келе елімізде айтыс өнері қайта жанданғанда тағы да әуелі ұйымдастыру комитеті мен жұмыс тобында, кейін қазылар алқасында белсенділігімен ерекше көзге түсті, ел ішіндегі таланттардың ашылуына мұрындық болды.

Ел құрметіне бөленген аяулы азамат ұл-қыздарына да лайықты тәлім-тәрбие берді. Ұлы Дәулет Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі департаментінің директоры деңгейіне дейін көтерілді. Әттең, өмірден ерте кетті. Қызы Ғалия партия-совет органдарында көп жыл қызмет атқарды, ғылым кандидаты дәрежесіне ие болды, әкесінің жолын қуып, ұстаз атанды.

Қақаң қазақтың ардагер қызы, атақты механизатор Кәмшат Байғазықызы Дөнөнбаевамен құда болып, бір кісідей сыйласты. Қайда жүрсе де қазақтың мұңын мұңдады, жоғын жоқтады. Облыс орталығында «Қазақ тілі» қоғамы құрылғанда ақын інісі Ақылбек Шаяхмет екеуі сол қоғамның шаңырағын көтеріп, керегесін керіп, уықтарын қадады. «Дала қоңырауы» деп аталатын газет шығарып, қазақтың салт-дәстүрін дамытуға, ана тілін өркендетуге көп үлес қосты. Сол жылдары «Қазақ тілі» қоғамының ынтасымен және күш салуымен облыс орталығында кинотеатр, одан кейін филармонияның Концерт залы есебінде пайдаланылып келген Ақ мешіт мұсылмандарға қайтарылды. Көнекөздердің есінде қалған ерекше жағдай, сол кезде облыстық партия комитеті жанында орналасқан Саяси оқу-ағарту үйінің асханасында Қостанайда тұңғыш рет қауым болып жиналып, ауызашар жасалды. Қайта оралған Наурыз тойын думандатып өткізуге да ағамыз қызу ат салысты. Әрине, осынау игі істердің барлығын ол жалғыз өзі жасаған жоқ, алайда, ұйымдастыру шараларының басы-қасында жүрді.

Ия, ол елін сүйген ер болатын. Елі үшін ешқашан да аянып қалған жоқ. Туған елі де оны ұмытпайды.



Болашақ — латын әліпбиінде

Қоғамды аралап жүрген қазіргі таңдағы ең маңызды сұрақтардың бірі латын әліпбиіне көшу болып тұрғандығы баршаға аян. Естеріңізде болса, бірінші Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады» деген халыққа Жолдау арнап, тілдің дамуына игі қадам жасады. Осы тұста мен де тәуелсіз елдің азаматшасы ретінде елдегі орын алып жатқан өзгерістерге тіл маманы ретінде пікір білдірмекшімін.

Тіл — қатынас құралы. Тіл арқылы экономика мен елдің болашағын көтеруге, тіл арқылы өзге әлемді танып, жаңа белестерге өтуге болады. Тіл ұлттың жаны болғандықтан, тіл үшін күрес, бүгінгі күні жүріп жатқан екі жақты пікір орынды деп есептеймін. Ол елімізде бо-

лып жатқан дүниеге дүйім жұрттың бейжай қарамауы.

Латын әрпі жайында сөз болған кезде, ең алғаш есімізге ұлы ағартушы, тұңғыш қазақ педагогі Ы.Алтынсарин және ғалым А.Байтұрсынов ерліктері ойға оралады. Кезінде олар да қазақ тілінің өзге қазақтың жазба тілі ноғай (татар) сөздерімен "шұбарланып барады" деп қауіп айтып, тіл мәселесін көтергендері белгілі. Ұлы ағартушымыз А.Байтұрсынов: «Біздің заманымыз — жазу заманы», — деп, өшпес пікір айтады. Ол 1910 жылдардан бастап қазақ графикасымен айналысып, араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын жасады. Оны қазақ мұғалімдері де, медреседе отырған боздақтар да қолдады. Әліпби, емле және оны реформалауға байланысты қазақ оқымыстыларының арасындағы түйткілді мәселе пікірталас тудырмай қоймады. Бұл — «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеттері беттерінен көрініс тапса, 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» басылымдарында ма-

териалдар жарық көріп, қызу талқыға түсті. Қазақ зиялылары арасында түрлі ойлар ұйысып, бірі латыншылдар болса, енді бірі арабшылдар немесе қазақшылдар деп бөлінді. Олардың пікірлері мен наразылықтары сол кездегі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланып отырды. Айталық, Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байділдиннің «Жаңа әліппе тарихы – нан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б. және шетелдік Г.У.Бройд, Н.Яковлев, Поливанов, Навширманов, профессор Ашмарин, професор Жюзе, академик Бартольд, профессор Л.Жирков, профессор Б.Шобанзаде сынды ғалымдардың бірнеше мақалалары оған дәлел бола алады.

Алайда әліпби құрастырған қазақтың алғашқы филологі А.Байтұрсыновты жау етіп таңуға күш салғандардың оған тағатын айыптарының бірі – «Байтұрсынов термин жасауда пуристік бағыт ұстады, яғни қазақ тіліне орыс сөздерімен интернационалдық терминдерді жолатпауға тырысты» деген пікір болатын. Сөйтіп, ұлы ағартушы, педагог 1929 жылы ұсталып кеткені жайлы тарих сыр шертеді. Міне, мақсатына жетпей кеткен ұлы ағартушымыздың идеясын қазір Елбасымыз жаңғыртып, әлем есігін ашпаққа ниетті болып отыр.

Латын әліпбиін ағылшын тілімен шатыстырудың қажеті жоқ. Ол жөнінде Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамыту республикалық орталығының директоры Ербол Тілешов: «Шыны керек, қазіргі кезде көп адам латын әліпбиіне ағылшын тілі ретінде қарайды. Сонымен салыстырады. Алайда тіл мен әліпби – ол екі бөлек нәрсе. Тіл мен әліпбиді шатыстырмау қажет. Ағылшын тілі бар, ал олардың әліпбиі латын графикасына негізделген. Француз тілі де солай. Қазақ тілі де өз алдына бөлек тіл. Ол да латын әліпбиіне негізделетін болады», – дейді Ербол Ерденбекұлы.

Латын әліпбиінің тарихы б.з.б. 7 – ғасырда да Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. 1 – ғасырында қалыптасты. Жазу оннан солға немесе солдан оңға қарай (брустрофедон бойынша) жазылып, бағыты әрдайым алмасып отырған. Б.з.б. 4 – ғасырдан бастап жазу тек солдан оңға қарай

жазылды, алғаш 20 әріп болды. Екі мың жыл бойы айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймаған тілде қазіргі таңда дүниежүзінде тілдердің 80 пайызы осы латын әліпбиін қолдануда.

Біз болашақты құрушы ретінде, әрине, Елбасының, ғалымдардың, тіл мамандарының бұл бастамасын қолдаймыз. Өйткені қолдамауға себеп жоқ. Өздеріңіз білетіндей, латын әліпбиі ағылшын тілінен кейінгі кең тараған тіл. Күні бүгін әлем халықтарының көпшілігі латын әліпбиін пайдаланып отыр. Әлемде болып жатқан жаңалықтар мен технология тілі тек латын әрпінде сөйлейді. Біз көпұлтты ел болғандықтан, біздің тілімізді үйренбек ниеттілерге латын әліпбиінде оқу оқып, түсінік қалыптастыру жеңілірек болары сөзсіз.

Сөйтіп, біз латын әліпбиіне көшу арқылы жаңа әлемдік өркенуетке бағыт ала аламыз. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Н.Назарбаев: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс. Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады», – деп, нақты міндеттерді туралап берді.

Елбасы латын әліпбиіне көшу арқылы бағындырмайтын белес жоқтығына сенеді. Көшбасшы ниетті жұмыстарға бірге бет бұрайық, жүкті жұмыла көтерелік. Әлем қабылдап отырған, әлем тұтынып отырған, әлем танитын таңдауға бір күні біздің де аяқ басуымыз сөзсіз. Сондықтан бір күні орында – латын жұмысты бүгін орындайық!

Жадыра ЖАНТЫҚБАЕВА,
Қостанай педагогикалық колледжінің
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің
оқытушысы

QAZAQ-TİLİ

Асылдың сынығы

Ақылбек Шаяхмет
Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ
профессоры

Асылдың сынығы жерде қалмас деген сөз рас. Таяуда маған революцияға дейін кітап шығарған авторлардың бірі Байбатыр Ержанұлының немересі Қайыржан Едігеұлы хабарласты. Оның қолында атасының кітабы бар екен. Сол кітапта Нұржан ақынның екі өлеңі берілгені.

Байбатыр Ержановтың Қазан қаласында Орталық баспаханада Шәмсәддин Хұсайновтың редакторлығымен 1914 жылы басылып шыққан кітабы (екінші мәрте басылуы) «Тұр, Қазақ!» деп аталған. Кітаптың алғысөзінде:

«Қазағым, халің жаздым бұл кітапқа,

Алыңыз оқуменен ілтипатқа.

Жер кетіп, халің нашар болып қалды,


Аянып, мәз болмаңыз құр атаққа» — деп оқырманға жыр арнаған автордың ойы мен мақсаты Алаш арыстарының жазғандарымен үндес. Нұржан Наушабайұлы: «Ұйықтама, олян Алашым!» десе, Міржақып Дулатов «Оян, Қазақ!» деп жар салды. Байбатыр ақын болса «Тұр, Қазақ!» — деп ұран тастайды.

Шығыс Қазақстан облыстық ішкі істер департаментінің ақпараттық-аналитикалық орталығының арнайы мемлекеттік мұрағатының архивтік анықтамасына қарағанда, Байбатыр Ержанов Қарағанды облысының № 14 ауылының тумасы, руы Керей. 1935 жылы Алашорда қозғалысына қатысқанын жасырды деген желеумен абақтыға қамалған. Сегіз жылға сотталған. 1961 жылы ақталды.

«Тәсірлі махтуб» (Әсерлі хат) деп ат қойылған бұл жырдың алғысөзінде автор «Қостанай уезінің Арақарағай болысында, руы қыпшақ, Құттық тайпасынан Нұржан Наушабаев деген бір мәшһүр ақын бар. Сол әпендеміз қазіретілінің бек ғибратты тәсірлі (әсерлі) сөзі еді. 1904 жылында «Манзумат қазақия» деген рисаласы (тарихи шығарма) да шыққан еді. Менде сол рисаласының бір данасы бар еді. Сол рисаласында жазылған адресімен хат жіберген едім, маған қайтадан өлеңменен хат жазып жіберілгені» дей келе, хатты түгел келтіріпті.

*Сатуы жоқ жігітке шыққан тердің,
Бағасы артық қадірін білген ердің.
Тісті тұқып, кетсе де жара салып,
Ынтық бар сұңқарына әрбір елдің.
Тасындай магниттің леппен тартып,
Көп көрдік пайдасын да қызыл тілдің.
Жүзе алмас нәһан балық өрге найқан,
Толқыған суы бітсе шалқар көлдің.
Биіктен еңкейіске қадам басып,
Осы күнде үшіндеміз біз елудің.
Болған іс мәңгі-бақи болып тұрмас,
Өлшеулі уақыты бар әрбір күлдің.
Аңқытып бетімізбен біз келеміз,
Бір сарын ортасымен даңғыл жолдың.
Бұл күнде елу асып, шықтымы белге,
Өмірді зая өткізіп бекер желге.
Жан тәнде сау-сәламат тұрғанында,*

Ешбір сөз айтқан жоқты әркім бізге.
Бізге сізсөз жазыпсыз кеңес сурап,
Азырақ білгенімше жаздым құрап.
Өзіңіз өтінген, соң, Байдаптырым,
Бір ғазал сөз жібердім сіздерге арнап.
Сауыттың тозыңқырап тұрған кезі,
Нұржанның да тоқталып тұрған кезі.
Зейініміз бұрынғыдан кеткен тарап,
Бұрынғы көп жарыстан қалған кезі.
Бар еді жігіттікте әрбір тұрлі,
Дүниені таң-тамаша қылған кезі.
Бар еді неше сөзді жазған кезі,
Қатар жүрген құрбыдан озған кезі.
Ықыласпен айтсақ та тыңдаушыға,
Сөздің де құны кетіп тұрған кезі.
Төр мен есік орнында нарық болмай,
Лашын мен қарға қатар қонған кезі.
Төлен солай дегенді көтере алмай,
Бұл күнде болмағанның болған кезі.
Ағайын бір біріне дұшпан болып,
Көңіліне кәкір-шүкір толған кезі.
Қадірін білмегенге харам асмай,
Жағамын көңіл сырын қалай ашпай?
Сөйлеген сөзден сөз де туады екен,
Шығар ма екен егін тұқым ташпай?!
Ешкім теріс деген жоқ әлі күнге,
Келемін бала жастан қалам ұстай.
Қырылнан көздеп бір күн желіп жүрдік,
Баулыған саятшылар алғыр құстай.
Отбасында шешендік көптен озып,
Білінбес жүйріктігі белден аспай.
Мақсылық, жамандық ет өз басына,
Кез келіп дүниеге, елден қашпай.
Өлшеудің көп ұзап кете алмассың,
Шүкірлік қыл әр іске асып-таспай.
Бұл күнде ор киіктей орғып-орғып,
Болдырған атша тұрмыз аяқ баспай.
Жігіттік, балалықта тіпті арман жоқ,
Жарамас кете беру артты қыспай.
Қайтадан жігіттігім келсең енді,
Ақырын ойға салып білсем енді.
Ғайыпта сырттан ғашық әпендемсің,
Нәсіп деп сіздерді де көрсем енді.
Қостанай атырабынан табылармыз,
Құттық Нұржан Наушабай дерсің енді.



Бұл хаттың сыртында Бауба-
тыр Ержанов Нұржанның «Тағдырдан
кім құтылар қашқанменен» де-
ген шумақтан басталатын төрт
шумақтан тұратын жырды «Мұхтарам
(Құрметті) Нұржан ақынның сөзі» деген
атпен осы жинақта бастырылды. Бұл
шумақтар Нұржан Наушабайұлының
2011 жылы Астанада «Фоллант»
баспасынан жарық көрген «Ұйықтама,
оян, Алашым!» (құрастырған Ақылбек
Шаяхмет) деген кітабында «Әй,
Нұржан, қалам алдың сөз жазарға»
деп басталатын назымында түгел
келтірілген соң оны қайталап жатуды
жөн санамадық.

Аталған жыр, сөз жоқ, Нұржан ақын
қаламына тән. Оны ақынның сөз сап-
тасынан, келтірген теңеулерінен де
айқын аңғаруға болады.

Сүйтіп, Нұржан ақынның тағы бір
жырымен қауыштық. Сөз түсінген
оқырманға мұның өзі үлкен олжа.

Нұрқанат ҚҰЛБАЕВ

Алматы облысының Нарынқол ауылында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінің филология факультетін бітірген. Қазір Қостанай облыстық телерадиокомпаниясында қызмет атқарады.



ӨМІР

Құралғандай балеттердің биінен,
Өмір, өмір!
Өмір, неткен қиын ең.
Еш таразы тарта алмайды жүгіңді,
Өлшенетін адамзаттың мыйымен.


Сырларыңды сынай білген салмақпен,
Адамдарға, өмір, неткен ардақты ең.
Балдайсың-ау былғап ішер бармақпен,
Бірақ, бірақ емессің-ау мәңгі, әйтпек!

Жақсылық пен жамандықты тел енген,
Ұа, дүние!
Нені ұқтым сенен мен.
Түк түсінбей өтіп кетеді екен ғой,
Адам қанша өмір сүрдім дегенмен.

Ақылыңнан әріге асып бара алмай,
Аласурам ақрандағы борандай.
Тлағы да кеп тығырыққа тірелер,
Тлаздырылының тақырыбын таба алмай.

Өмір жайлы түсініктің құны ерен,
Екендігін ұққандаймын, міне, мен.
Тлек артылда аманат боп қалса екен,
Өзім жазған өмір жайлы бір өлең.

Бұл өмірдің байыбына тереңнен,
Түсіне алмай өтіп барам, дегенмен.
Өзіме-өзім белгі соғып өлем мен,
ӨЛЕҢМЕН.



ОТАНДАСҚА ХАТ...

Бәріне ортақ қара жердің үстінде,
Сен де мендей, ой торына тұстң бе?
Мен Абайды, Пушкинді оқы, досым, сен,
Орыстардың Абайы ғой Пушкин де.

Пушкиннің көп ертегісі алайда,
Кәміл ғой бек жете алмасы Абайға.
Сондықтан да ретін тауып қалайда,
Асықпай бір Абайды оқы, жарай ма?!

Біздей тең болсын десең бас, кеуде,
Пушкинді мен, сен Абайды қастерле.
Басқа жерден орын таппай барған жоқ,
Ұлы Абайдың ескерткіші Мәскеуге.

Санасына нұр егем деп мұң түкті,
Ел намысын Ломоносов жыртыпты.
Жырмасында хат таныған сол шалды
Шоқанға да теңеп жүр ғой жұрт тіпті.

Анау дейсің, мынау дейсің...
Рахмет! Десек те көп
Тұлғаларың заңы бек.
Байтұрсынның даласындай бірі жоқ,
Ол жақта әлі туған жоқ қой Ахмет!

Қайда бүгін Достық айтты кешегі ун,
Басқа болып кетті ме әлде есебің?
Ресей үшін Мұқағали сияқты,
Ізгілікті жырлап еді Есенин.

Ақын еді бермей өткен айылға еп,
(Мұқағали, Сергей сынды жайым кеп).
Дүниеге келіп еді қайың боп,
Олар да өтті бұл жалғаннан уайым боп.

Тәуелсіздік таңы атып, Жарық Күн,
Шықты маған...

Оған неге қамықтың?
Ұлы едің ғой тегі тузу халықтың,
Сол тектілік келбетінді танытқын.

Тың дегің де тегерімді мен көрдім,
Жаппауыма соқа салып, жерге ендің.
Сол соқанды көзіңді ашу үшін де,
Қыртысына салам енді кеудеңнің.

Кең қарайтын дұшпанға да, досқа да,
Қазақстан – ай маңдайлы жас бала.
Менің жаным ауырады Отан деп,
Сенің жаның ауырады басқаға...

Отан үшін от кешетін пиғылың,
Жоқ.
Аңсайсың баяғының билігін.
Аңдасым деп бауырыма тартсам да,
Сатып кетер тұрың бар-ау қилы күн.

Менен қашып кете аласың сен қайда?
Сенен қашып тығылалым мен қайда?
Таздырымыз бір арнаға төлінген,
Сүй Отанды, шын көңілмен елді ойла.

Ата-бабаң Ресейді сүйгендей,
Сүй бұл жерді екі ұдай күйге еңбей.
Содан кейін сені өзектен төпсеп мен,
Ит екенсің, демі маған иленбей.

Достық үшін қыршын кетті қанша арман,
Қат заманда қарашығын қан шалған.
Сенің атаң арып-ашып келгенде,
Менің атам қымыз беріп қарсы алған.
Сол қымыздың ұытымен жарықтық,
Сенің атаң қазағым деп ән салған.

Бал тамызған балалайка күйінен,
Сол атаңды есіме алсам, сүйінем.
Сенің кейде үй иесін ұмытып,
Қоңаңдайтын қылығыңа күйінем.

Бір арманы бір арманнан ірірек,
Қазақстан – бізге ортақ құдірет,
Екі ғасыр ақылыңды тыңдап ем,
Енді мені тыңдасаңшы бір рет.

Тілағасын Төңір таққан қырағы,
Қазақ деген кең даланың қыраны.
Шын досымсың, бала бұлсең егер де,
Сол қыранның қанатының сыңары.

Қазақ тілін үйрен – отың сөнбейді,
Біздің достық сонда ғана өрлейді.
Қам жеме, дос, қазақ аман тұрса егер,
Орыс тілі ешқашан да өлмейді.

Мендік тілді менсіндесең – сол қатер,
Дос болам деп онда досқа болма тер.
Төрт түлікте қадірлеген қазаққа,
Төртінші жүз болсаң, қане, қолды әкел!

ТАҒДЫРЫМ...

Ей, тағдырым, тұрқы – күз, тегі – көктем,
Мен өзінді бақытқа тәліп өткел.
Қарашаның қарындай қалбалақтан,
Төредеңді тентек ем еріп өпкен.

Алаулаған арманның көк құмбесі,
Қол созып ем, қайтпейін, жеткізбеді.
Кереметтің барлығын місе тұтпай,
Қайран көңіл қайдағы жоқты іздеді.

Жаһұт әлем, жанды өртер жарығың-ай,
Жарығыңды аңсады жаным ұдай.
Ей, Ұлы Жер!
Сен кімді болғаныңмен,
Төсіндегі пенденің бәрі құдай.

АЛТЫНБЕК СӨРСЕНБАЙҰЛЫНЫҢ РУХЫНА...

Аспан асты алқынғандай ауасыз,
Ділкәс әлем дірілдейді дауасыз.

Манарында жетім сәуле дірілдеп,
Ай аспанға сіңіп кетті күбірлеп.

Күн нұрынан жаратылған дүние,
Бір түнекке бас иеді иіле.

Құдай қайтсын Күн астының күйігін,
Күйіттейді ол тек өзінің биігін.

Адам аңсап қайтсын сонау биікті,
Оған осы Жердің үсті сүйікті.

Шарасы жоқ, шемені мен шері іште,
Екі ортада дал болып жүр періште.

Тәнім
Жерге жем болатын кемді күн.
Періште емес, пендемін ғой...
Мен бүгін

Тлау құласа түк сезбейтін қоғамның,
Түк көрмейтін бір мүшесі дөп алдым.

ҚҰРАЛАЙ

Қара сұр аспан қабағы қатқан сұр қала,
Қаралы көңіл – құлазып тұрған қу дала.
Қаралы қайың қаралы көше шетінде,
Қабарып тұрған қарайды жерге мұңдана.

Нарыт көңілдерді нәуетек етті нала күз,
Нараду көңіл, көкірек – көк тас, сана – мұз.
Біз сені дүгін, біліп жатсың да, қара қыз,
Бақи сапарға шығарып салып барамыз.



Аққу қанатты армандарыңды тұл етіп,
Дір етіп барып, өткен жарықсың зу етіп.
Бей дүние, бейнең беймезгіл қалды беткейде,
Бейіттің дейдіт тыныштығын ғана күзетіп.

Плоктады-дағы құлынай ғұмыр тірлігің,
Сызатқа барып байланғы мәңгі кіндігің.
Күннің нурына ғашықтың деуші ең, күн нурын,
Қара жер енді қалқалап сенен тұр бүгін.

Қарашығыңа қадала қалған нұр-арай,
Шытынап барып шарт сынған қалай
шыдамай.

Жылауда бәрі...
Сен ғана жатсың, жыламай.
Тұршы, Құралай!

ҮНСІЗДІК

Үнсіздік... ұлы ғалам!
Қайтсем сенің сырыңды ұзына алам.
Дыбысы жоқ, сиқырлы саз келеді,
Құлағыма құйылып құбыладан.

Үнсіздік...
Сиқырлы саз. Ұлы әуен!
Шысылыңның тәнтімін сырына мен.
Әттең, бірақ айқайлар арасынан,
Еміс-еміс жетеді ұның әрең.

Айқайға сап көп пенде шыр айнала,
Бар болғырлар, алмайды-ау түк ойлана,
Бүкіл әлем бір күнде көтсе-дағы,
Үнсіз тұра алатын Құдай ғана.

Айқайлар. Даурығады. Сыры мәлім,
Кім білсін, қанда барып ұрынарын.
Мен мәңгі үнсіздікке бұрыламын
Тынығамын, бір нәрсе ұзынамын.
Мені өзіңе саялап, салқар сазы,
Күннен үнсіз төгілген шұғыламың.

КӨБЕЛЕК ҚАР

Сағынышты қоздағып кеткен мәні,
Көбелектеп қар жауды,
Көктем қары...
Қара жердің үстінде жұмақ бардай?!
Жанұшыра құлайды көктен бәрі.
Қанатының ұшында көк белгі бар,
Көбелекке айналып көктемгі қар.
Кірпігіме қонды да, ғайып болды,
Нәзік егі, құдай-ау, неткен бұлар?!

Ақтық демін аялап жел өбектер,
Қонып жатыр жерге кеп көбелектер.
Семіп жатыр тапталып табандарға,
Қайталанбас ғажайып кереметтер.

Қанатының ұшында көк белгі бар,
Көктемгі қар етекте еппен жылар,
Арманына жете алмай еткен құмар,
Әлдеқашан өмірден озғандардың,
Жаны ма, әлде, зарығып жеткен
бұлар?!

Жер бетінен жан таппай өкпемді ұзар,
Жетілісіреп тұрмын мен, көктемгі қар.

Бәлкім сендер сөндірген ағын сындар,
Жылуынан адасқан жалынсыңдар.
Ыстықсыңдар, сондықтан, суықсыңдар,
Ауырсыңдар, жеп-жеңіл қауырсындар!!!



Ұлы мұрат жолында

(Журналист-жазушы Қайсар Әлімұлы хақында)

Бұл кісіні мен Арқалықта оқып жүргенімде, кітапхана сөресіндегі қалың кітаптың арасынан «тауып» алған едім. Иә-иә, дәл солай. «Тауып» алдым дегенім – осындай жазушы, журналист барын үлкен жазушы Ә.Нұршайықов туралы естеліктер енген кітаптан оқып, білгенім ғой... Бәрін басынан бастайыншы. Жүрекке жазылған сезім сырларын, тәтті естелікке айналған өткен шақтың ұмытылмас сәттерін еске алайын. Бұл өзі өткенге барлау әрі рухани жақындықтың қалай бастау алғанын еске салар бір жақсы әдіс екен.

Қызбелдің ұланы

«Мен, Қайсар Әлімұлын миллетшіл қаламгер деп танимын һәм сол санаттағы сөз зергерлерінің қатарына қосамын. Өйткені, ол – алғаш қалам тербеген кезінен-ақ ұлт мұратын ұлықтаған қаламгер! 28,II, 2012 ж, Арқалық шаһары». Бұл – біздің студенттік жылдарымыздағы «алтын дәптеріміздің» бір бетіне бедерленген ойымыз екен. Шамасы, пединститут партасындағы студент, болашақ әдебиетшінің ойы қате емес сияқты. «Сияқты» деймін ау, әбден дұрыс! Таңдайға Тәңірінің өзі салған сөз болар, бәлкім! Әлде, жүрек сенімі шығар. Кім білсін?! Өйгеуір, сары ауыз балапан күндегі ойымыздың дұрыстығы ғой. Енді осы ойды әрі қарай толықтырып көрейік. Ендігісі «дипломды» әдебиетшінің көзқарасы болмақшы ғой сонда.

Қайсар Әлім – жақсы қаламгер. Оның ұлтшыл бағытта жазуы заңдылық. Себебі: оның кіндік қаны тамған жер – қазақтың құт мекені – Қызбел. Бұл – Алаштың айбоз азаматы Міржақып Дулатұлының туған жері. Әлімұлының жүрегіне «ұлт», «Алаш», «Міржақып» деген сөздер бала кезінен-ақ, сіңіп, бүкіл қан тамырына таралған. Сол себепті де ол – жұдырақтай жүрегіне ұлан-ғайыр атырап – Қазақстанын тегіс сыйғызып, жүрек түкпірінен, сезім тереңінен тек шынайы мөлдір сөздерді ғана қалқып алып, оқырманының назарына ұсынады. Меніңше, Әлімұлының жорналшылдық, жазушылық жолы, мұрат биігі Қызбелінен басталған. Өйткені: оның туып-өскен, өнген ортасы – қарт Торғай, сан салалы, қазыналы бұ Торғайдың өзіне ған тән ғана құпиясы, құдіреті бар еді. Бала Қайсар жасынан Торғайдың өзіне тән құпия шежіресін көңіл зердесіне тоқып, ұлт ұясы атанған өңірдің қатпарлы тарихынан нәр алып, сөзі дуалы ақсақалдардың ғибратты өңгімелерін естіп өскен. Жасынан ана сүтіне қанып өскен, уызына жарып өскен екен! Міне, сол әке қаны, ананың ақ сүті арқылы бойына қонған талабы бүгінде – көпті сүйсінтті. Сүйіндірді. Қуантты. Қайсар ағакемнің жазғанын іздеп жүріп, ынтыға оқитын адамдарды да көргенім бар.

Жасынан ізденіп, оқыған-тоқығаны көп адам-



ды «көріқұлақ», «көнекөз» дейді ғой. Мен, әрине, Қайсар ағамның балалық шағының қалай өткенін көрмедім. Өйтседе оның қандай қағілез, сезімтал, сөзұғар бала болып өскеніне зәредей шүбә келтірмеймін. Алаш зиялысы, Қайсар ағамның рухани әкесі, ұлы ұстазы Міржақыптың аузына Алла «Оян, Қазақ!» деген «тәтті» сөзді салған еді. Ол уақытта бұндай ұранды, тұғырлы сөзді оның замандастары айтпаған еді. Сол Міржақыптай алыптың кіндік қаны тамған қасиетті далада дүние есігін ашқан Қайсардай сәбидің тағдыр-талайына Алаштың сөзі қоныпты. Құты қоныпты! Бас газеттегі мақалалары немесе журналистік ойлары болсын оқырманын тебіrentпей қоймайды.

Қайсар ағаны қалай таныдым?

Мен, жазиралы Жетісу өңірінде дүниеге есігін ашып, атақты Маман байдың зәузаты қонған ауылдағы Алаштың айбынды перзенті Барлыбек Сырттанұлының есімі берілген мектепті тәмамдап, арман қуып, Алматыдағы журналистер ұстаханасы – ҚазҰУ-ға құжат тапсырып, журналист болмақ ниетпен журфакқа түскен ем... Бірақ, уағында жүрек қалауы – әдебиетке ауып, маңдайға жазылған

тағдыр жолымен сонау Арқаға қоныс аударып, Торғайға өттім. Арқалықтағы Ыбырай ордасына оқуға түсіп, атақты ақын Айбек Қалиевтің шеберханасынан шыңдалып шықтық. Сол арайлы Арқалығымда оқып жүргенімде, сабақтан бос уақытымның көбі – №2 облыстық ғылыми әмбебап кітапхананың ғимаратында өткен-ді. Бірінші курстың алғашқы күндерінің бірінде кітапханашы Зайра Сансызбайқызына: «Апай, мен осы курсымды тәмамдағанша, Торғай өңірінің тарихымен тегіс танысып, бұл өлкеде дүниеге келген қаламгерлердің шығармаларын оқып бітіруім керек» деп өзімнің жоспарымды таныстырғаным сол еді, әп сәтте-ақ менің дегенімді түсініп, маған кімдерді оқу керек екені жайында арнайы тізім даярлап берді.

Алғашқы таныстық

Ең алдымен, Қайсар ағаны оның жазған-сызған дүниелері арқылы таныдым. Айттып өттім ғой. Кейін ағаның ұялы телефон нөмерін сұрастырып, тапқан соң, өзіне хабарласып, дауысын естіп, емен-жарқын сөйлесіп, бір рахаттанған ем. Арада біраз уақыт өткен соң, Қайсар аға өзінің «Сейілмейтін мұң», «Махаббат жыршысы» деген екі кітабына қолтаңбасын қойып, авторлық мөрін басып, маған беріп жіберіпті. Ой, шіркін, сол күні бұ ғаламда менен асқан, менен өткен бақытты адам болмаған шығар! Расымен, қуанып, төбем көкке екі елі жетпей, қатарлас студент достарыма мақтанып, кеуде көргенімді көрсенізі! «Айтыңдаршы, қайсыларыңа сонау Астанада «тірі» қаламгер кітабына ақ тілегін жазып, айдаладағы студентке салып жіберді!».

Қайсар ағаны жазған дүниелері арқылы әбден танып, оны күнде көріп, қол алмасып жүрген жақынымдай көретін едім. Екінші курстың екінші семестрі аяқталып, Арқалықтан Алматыға жол тартқанымда, Астанаға аялдаған поезд бекетінен сапарлас келе жатқан қарт жорналшы Жақсылық аға Жүнісұлына сәлем беру қамымен келген Қайсар ағаны бірден танып, сәлем беріп, мән-жайды айттым. «Айналайын!» деп кең құшағына қысып, арқа-жарқа әңгімелестік. Бұл біздің алғашқы жүзбе-жүз танысуымыз еді. Бүгінгі тілмен айтқанда, «офлайннан» «онлайн» күйге өтудің басы еді. Содан кейін мен оқуымды тәмамдап, бас шаһарға келдім. Ендігісі түрлі жиын той, бас қосуларда Қайсар ағамен жиі кездесіп, әңгімелесіп тұруға ұласты. Бұл – рухани жақындықтан, шығармашылық жантуыстықтан туындаған ұлы махаббат еді!

Ұлт жауһарын ұлықтаған

Тегінде, Қайсар Әлім – зерттеуші-қаламгер. Осылай десек, жаңылыспаймыз. Және әбден лайық. Оның Торғай өңірінен шыққан аяулы перзенттеріміз, ұлт мақтаныштарымыз туралы жазғандарының өзі не тұрады! Маған қашанда болсын ыстық һәм бәсі жоғары тұратын ерен шығармасы – «Алаш-шыл жүрек». Бұл – Алаш шаһбазы Міржақып Дулатұлының рухына сұлу сөзбен соғылған әдеби ескерткіш! Менің ұғымымдағы Міржақып – Алаштың аса мәдениетті шын зиялысы, жақсысы,



таңдаулысы еді.

Журналист, алаш тарихының тамыршысы, жазушы, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Құрметті журналисі, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» деген бес батпан беделі бар азаматтың адамгершілігі мен қайраткерлігі, ұлт қызметі жолындағы аянбай атқарған істері – мен сияқты жастарға қашанда үлгі, өнеге.



Елдос Тоқтарбай,
жазушы

Күлкілі, бірақ...

Бүгінгі күні теледидар адам өмірінің ажырамас бөлігі. Күнделікті жұмыстан шаршап келген адамның алданатын ермегі десек те болады. Кешкісін ас ішіп болғасын өзіңізге қажет дүниені тамашалайсыз. Бірақ, бір жайт көңілге қаяу салады да тұрады. Қандай дерсіз? Айтпағым сол баяғы ескі дерт, ана тіліміздің мәселесі жазыла да, айтыла да жауыр болды. Қазақ тіліне қырын қарап жатқан осынау жайтқа қалай тосқауыл боламыз? Мемлекет басшысының тілге қатысты тапсырмасы қағаз жүзінде қалып жүрген жоқ па?!

Қазіргі таңда телеарналардың ішінде «Қазақстан» ұлттық арнасынан басқа ана тілінен аттап кетіп жатқандарды айтпасқа болмас. Бірде теледидар қарап отырғанда назарым НТК арнасына түсті. Арнаның қазақ тіліне қаншалықты маңыз беретіні мені қатты толғандырды. Мемлекеттік тілге селқос, орыс тілдің жалауын көтеретіндердің ішінде бұл телеарна да қалыспай тұр. Себебі күнделікті бағдарламалары мен көрсетілімдерінің жарымынан астамы орыс тілінде екеніне көз жеткіздім. Қазақ тілі тек міндетті орындау үшін ғана деген ойға қалдым. Теледидар көрерменінің көп көретін уақытында, яғни прайм-таймда мемлекеттік тілге көңіл бөлінбеуді десе де болады. Газетті алып телебағдарламасына көз жүгірттім. Бір байқағаным, телміре көретін телехикаялар мен ғаламтордағы қызықтардан басқа қазақ тіліндегі бағдарлама жоқ. Сонда арнадағы ана тіліндегі бағдарламалар қаншалықты маңызды? Мемлекеттік тапсырманы орындап жүрміз деп жоғары басшылыққа есеп беретін арна кімді сендіргісі келеді? Көзіме бірден түскені белгілі арнаның күлдіргі бағдарламаларының көптігі болды. «Күлкілі оқыс оқиғалар», «Тек күлкі үшін», «Күлкі ойнақ», «Күлегешті күлдір», «Қыл-қызыл күлкі». Бұлардың бәрі ғаламтордан жүктеп алынған шетелдік хабарлар екені айдан анық. Көріп күле бер дейді... Сонда кімге күлеміз? Ана тілін тағы да аяқтан шалып, өзге тілді жайбарақат биікке қойғанымыз үшін күлеміз бе?! Күнделікті көрсететін күлдіргі бағдарламалар тақырыбы қазақша болғанымен ана тілінде бірауыз сөз де айтылмайды. Арнаның қалған бөлігін күн ұзаққа созылатын аударма телехикаялар. Оның өзі жұрттың бәрі шырт ұйқыда жатқан кезде қойылады. Сонда мұнымен қайтіп қазақ тілін орындаймыз деп айтады? Миллиондаған тұрақты көрермені бар арнаның мемлекеттік



тілге бұлайша қарауына не себеп болды? Осы мәселе қызықтырды. Ең жиі айтылатын жағдай ол орыс басылымдары мен телеарналары қазақтың бұқаралық ақпарат құралдарының алдына шықты. Ал оның түпкі себебі толғандырған жан бар ма? Бұл жағдайдан шығатын жолдары жоқ емес, әрине бар. Мүмкін НТК сияқты телеарналарда «Күлдіргі бағдарламалардың» берілу сағатын азайтып, орнына тілдік құндылығымызды көтеретін бағдарламалар ашу қажет шығар. Бірақ бұл жоғары жақтың құзырында қалмақ. Немесе жекеменшік телеарна иелерінің ырқында. Бәлкім, үкіметтегілер қарауындағы төрт-бес арнаның қазақ тіліне деген назарын бақылауы қажет шығар. Сонда ғана «күлкілі» көрсетілімдерді шегеріп, елдің намысын алға қоятын, тілімізді тірек ететін бағдарламалар көрерменге жол тартатын болар. Сөйтіп, өзге арналардың аудиторыяларына да үлгі болар еді.

Жыл басында жарияланған елбасының мақаласының аясында жақында өткізілген «Тілдер мерекесі» осының бірден-бір айғағындай. Болашаққа бағдарымыз айқын болсын десек, рухани құндылығымызды жоғалтып алмауымыз керек. Ал, рухани жаңғыру темігі – тіл. Осыны ескере білсек екен.

Әйгерім ШАЯХМЕТОВА,
А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ
2-курс студенті

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде



Қостанай облысында «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп аталған орыс тілді аудиториямен өткізілген кездесулердің барлығы дерлік дөңгелек үстел үстіндегі сұхбат және сұрақ-жауап форматында өтті. Елбасының «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» мақаласын талқылау да назардан тыс қалған жоқ. Латын әліпбиін қабылдау туралы жан-жақты пікір алысылды. Кездесулерге «Ұлт тағдыры» қозғалысының жетекшісі, белгілі саясаттанушы Дос Көшім және Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ профессоры, жазушы Ақылбек Шаяхметов қатысты.

Саясаттанушы Дос Көшім өз сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ тілінің жағдайын кез келген ұлтжанды азаматтан асырып айтқанын да жеткізді. «Қазақ тілінің жағдайын Н.Ә.Назарбаев кез-келген ұлтжанды адамнан артық айтты. Осыдан 3-4 жыл бұрын Президент Ассамблеяның жиынына қатысқанда, еліміздегі керіс ұлтының өкілі Роман Ким қазақша сөйледі. Сол кезде Назарбаев: «Осы жерде жүз қазақ, бес орыс отырса, бәріміз орысша сөйлейміз. Міне, осындай сорлы халықпыз» деді. Осыдан артық қалай жеткізу керек онда? Сол жерде отырған шенділер осы сөзден кейін ойланбады ма?» – деген сөз көп көңілінен шықты.

Ақылбек Шаяхметов: «Тіл мәселесін мен айдалада тоқтап қалған өгіз жеккен арбаға ұқсатамын. Халық өлеңінде айтылғандай, қара жолмен сықырлап арба келеді. Не асфальт жол жоқ, аяқтың асты батпақ, жолаушылардың үсті сатпақ. Арбаны көздеген жерге алып бару үшін ең алдымен қамыт киген өгіз

мықты болуы керек, оның шамасы жетпесе, айдаушы іскер болуы шарт, оның да қолынан келмесе, кездейсоқ жүргіншілер мен арнаулы жолаушылар бейнетіне көніп, бірі тегершігін итеріп, бірі өгізді сүйреп, біреуі жол көрсетіп дегендей, көпшілікпен бітетін жұмыс. Бізде сөз көп те, іс шамалы. Ал құр айқаймен есекті де жұмысқа жеге алмайсың. Тәуелсіздік алғалы пәлен жыл деп жатырмыз. Одан бері бірінші сыныптың табалдырығын аттаған бала көмелетке келетін уақыт болды ғой. Тілі қазақша шыққан бала енді қазақша сөйлей алмай тұрса, оған кім кінәлі?! Оны сақау деп те, мақау деп те айта алмаймыз ғой.

Ахмет Байтұрсынов айтқан бастауыш мектепте біріңғай қазақша оқыту мәселесі шешімін тапты ма? Сол Ақаң айтқан халықтың көзі, құлағы тілі болатын төл басылымдарымыз жеткілікті ме? Өзге ұлттарды төрімізге шығарып, өзіміз босағада қалатындай не жазығымыз бар? Осыдан он шақты жыл бұрын балаларымызды қазақ мектебіне беріп, жиналыстарда ана тілімізде сөйлеп, марқайып қалып едік. Сол үрдіс жалғасын тауып жатыр деп айту қиын. Өйткені, «қазақ тілі тағы қалды тасада, ұқсап тұрмыз Ақаң айтқан масаға...» - деп ағынан ақтарылды.

Облыс орталығында, Рудный және Лисаков қалаларында, Қостанай, Федоров, Таран аудандарында өткен бас қосуларға Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының мамандары және жергілікті жерлердегі тіл жанашырлары қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Жас кітапханашылар жиналды



Қыркүйектің 21-22 аралығында Бұрабайда «Рухани жаңғыру: ұлт келбеті – жалынды жастар» атты жас кітапханашылардың республикалық II форумы өтті. Ақмола облыстық әкімдігі мен Мәдениет министрлігі қолдап, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы ұйымдастырған жиынға еліміздің түкпір-түкпірінен барлығы 170 тен астам делегат келіп қатысты.

Форум жас кітапханашылардың кәсіби біліктілігін шыңдау, өзара тәжірибе алмасу мен

ортақ мәселелер талқылау, сондай-ақ пікірлесу сыңды мақсатта ұйымдастырылған. Өзара тәжірибе алмасу көзделген. Яғни, Қазақстанның жас кітапханашыларын әлеуеті мен қарым-қабілеті жоғары маман иелерінен жаңашыл жұмыстарды үйренуге шақыру. Кез келген салада жас маманның жасампаз істер атқаратынын ескерсек, кітапхана саласында да мұндай өзгерістер қажет-ақ. Сондықтан да жастардың бас қосуы – тың идеалар мен креативті ойлардың ошағына айналды деуге негіз бар. Мысалға, бір ғана Қостанай облысының Қостанай, Рудный, Арқалық және Наурызым, Аманкелді аудандарынан кітапханашылар аталған форумға қатысып қайтқан болатын.

Бұл форумның маңызын арттыра түскен тағы бір жайт, бірқатар ұлт зиялыларының қатысуы болды. Атап айтар болсақ, жазушы, алаштанушы Тұрсын Жұртбай, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, ақын Серік Тұрғынбек, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Көпен Әмірбек секілді басқа да көптеген азаматтар екі күндік басқосуда жастармен бірге жүріп, емін-еркін тілдесті. Жиынның алғашқы күні жастар мен елге белгілі тұлғалар бірлесе отырып, Көкшетау жеріне ағаш отырғызды.

Форумның екінші күні өзекті тақырыптар сөз болған қызу конференциямен жалғасты.

Өз тілшіміз



Поэзия жайлы пайым

Айлары асығыс, күндері қауырт зымырап жатқан осы күнгі қоғам есепсіз жақсылық пен ең таза мейірімге зәру. Өнеу күні әлеуметтік желілердің бірінен қызық жазбаны көзім шалды, авторы есімде қалмапты. Мағынасы мынадай: "Біз күнде бір жаққа асығамыз да жүреміз. Лифтке мініп, тетікті басқанша асығамыз, ютубты ашып, видео тезірек жүктелгенше тыпыршимыз, бағдаршамның ортасы өшіп, жасылы жанғанша асығамыз... Осылай жалғаса береді. Сонша асыққанмен, соңынан бәрібір уақыттың жетпейтінін байқаймыз. Қазір уақыт бұрынғыдай емес, өзгерген дейміз. Ал шын мәнінде, біз күте білуді ұмытыппыз, мезеттің межесін аңғарудан қалдық. Уақыт өз орнында: қазір және осында." Бұл тура мәтін емес, менің ұққаным ғана. Дегенмен, сөздерінің жаны бар. Мұны мысал еткенім, құндылықтардың тағдыры ұқсас па деймін. Мәселен, әсемдік пен әділдік, ізгілік пен рақым да ешқайда жоғалмады, әр жүректің түпкірінде іздеусіз жүр. Күн сайын өңі өзгеріп ұсынылатын аяусыз ақиқаттан жеңіліп жүр. Біз күтуді доғарғанымыздай, жан-жағымыздан жайлылықты танып, жақсылық жасаудан қалыппыз. Сауалы көп, жауабы аз сұрықсыз өмірде тағдырмен таласып, тәртіптен тайқимыз.

Бізге осынша мүмкіндік берген жауапсыз жүйенің ішінде игі іске жетелер бір сәуле бары сөзсіз. Ол сәуле- халқымыздың осы күнге дейін жоғалтпаған, тарихтың тезінен аман өткен сөз өнері. Дәстүр жалғастығы жойылмаған жауһар жыр. Бабадан мұра болған сыршыл поэзия. Қазақтың қара өлеңі тамылжыған табиғаттан бастап, сезімнің нәзік қылын шертіп, адамның ішкі болмысана дейін жырға қосады емес пе?! Сөз сиқырына еліткен адам, ғаламның да ғажабын тануға ұмтылады. Көңілінің кірін шайып, жүрегінің жүзін тазалауға ұмтылғандар үшін поэзияны дертке дәру етуде үлкен мән бар деп ойлаймын. Поэзияның ауқымы оймен өлшеп, сөзбен кесуге келмейді. Анықтамасы да осы күнге дейін сан түрлі қырынан сипатталып жүр. Белгілі әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы поэзияның өресін өзінше өрнектейді: "Поэзия- имандылықтың нұрына шомылған Алланың мейірімі. Сондықтан поэзияның жұмбақ сырын сөзбен түсіндіріп беру мүмкін емес. Монтеннің сөзімен айтсақ: "Поэзия- адамның санасынан да биік құдірет". Ақынды да Алла өзінің бар екендігін сездіру үшін жаратқан."

Кейде көңіліміз құлазып, сөзбен айтып жеткізе алмайтын толғаныстар, толқындай тербелген сезімдер кенеттен құлқынымызды қамшылайтын қатпарлы ойлар тек ішімізде ғана аласұрып, ішімізде ғана батырсынатыны таныс болар. Сыртқа құпия болған сондай сырларды поэзия



әлемімен тілескенде түсінесіз, үңілгенде ұғасыз. Бұл жасырын жайтты Хантәңірінің мұзбалағы Мұқағали былай жырлайды:

Мен жырламаймын,

Сырласамын

Сыры бар замандаспен мұңдасамын

Асыққан уақытпен,

Ақылымды

Абайлап, аңда-саңда бір басамын.

Халқына деген ыстық ықыласы еш уақытта суымаған ақынның ұлы болуының мәні де осы. Өмірді жырлауында емес, сәбидің көңіліндей таза жүрегін жайып тастап, елмен сырласуында, өзгелердей өз басымен әуре болмай, елімен бірге жасасып, олардан бір елі ажырамауында.

Менің өлеңге деген махаббатым ерте оянды. Бірақ ерекше іңкәрлікті есейе келе сездім. Бұрындары пішімімен пайымдап, сыртынан



сыр тартсам, бертін келе мазмұнын талғап, тереңдігін өлшеуге көштім. Осы жылы ақын Мақпал Жұмабайдың шығармашылығымен таныстым. Өлеңімен жанымды емдеп жүргеніме жылға жуық уақыт болса да Мақпалдың "мақамды жырынан" айығар түрім жоқ. Поэзиядан осынша тылсым сыр ұққан шағым осыдан бұрын Жаннат Әскербекқызының жырларының жетегінде жүргенде болған еді. Ол кезде түйсігімнің түпкірінен көк түріктей бабамның тамырын тауып, өлең оятқан рухпенен тереңдегі тарихты танығанмын. Ал бұл жолы дүниеге «жүрек көзімен» шомудамын. Өмірдің бар бояуын Мақпалдың жырымен, ақын кестелеген өрнекпен сезінетіндеймін:

*Жүрегіме бір үміт тамызды Күн,
Екіжүзді емеспін,
Жаны ізгімін.
Мен-
Жердегі
Жақсылық іздеп жүрген
Адамдардың
соңғысы тәріздімін.*

Маған ақынның бәрі біздің өмірге аз уақыт аялдауға келген ғажайып ғаламның өкілдері сияқты көрінеді. Олардың болмысы тылсым дүниемен байланысты да болар, кім білген? Қиялымның құзырына еріп, әрқайсысын ертегі әлемнің бір-бір кейіпкері деп қабылдаған кезім де әлі есте. Бала шағында мұғалімінің мақтауына

масаттанып, белгілі жыр сүлейлерінің ізімен ұйқас құраған оқушылар да қазір "ақынмын дер пенделердің" қатарында. Халқымыз атам заманнан өнер иелерін айрықша әспеттеп ерекше ізет көрсеткен. Поэзияның құдіреті мен қасиетін қатар толғап, көзіқарақты оқырманға өлеңнің ішкі мәнін ақтарып ұсынып жүрген (жоғарыда бірер ойын мысал етіп өттік) Амангеді Кеңшілікұлының парасатты пайымдарынан-ақ поэзияның биігін бағамдауға болады: "Не сиқыр, қандай құдірет бар олардың өнерінде? Жазғырсаңыз өзіңіз біліңіз. Өмірдің аласапыранында адасып кетпеуіме көмектесіп, адамдық сезімімнің сүйегін тоздырмай келе жатқан өнер туындыларының құдіретін мен аспаннан түскен төрт киелі кітаптан кем бағаламаймын." Алып-қосар артық ауыз ойым жоқ. Тура сөз.

Халқымыздың асыл сөзін өлеңге артқан ақындардың саны аз емес әдебиетте. Олардың мұрасы том томдаған кітаптарға тиелген. Тек сол томдардың оқырманы кем бұл күнде. Қолдан құйылған қамалдарды қиратып, "күпі киген қара өлең" бізге жетті. Демек, болашаққа тапсыру да біздің міндет. Поэзияны ұғуға таза ниет және сырлы сөзге селт етер жүрек керек. Сонда ғана "ғарыштан құйылған ғаламға ортақ шуақ жанды жылыта алады. Сонда ғана қомағай көңіл" әуреке салмай, өмірдің бар ғажабын қалтықсыз қабылдауға мүмкіндік аламыз.

Жансая СЕКСЕНБАЙ



Ұят болады...

Қазақ халқы қашанда қыз баланың тәрбиесін бірінші орынға қойған. Қыз балаға ұят болады деген сөзді бой тұмар етіп мойнына іліп берген. Сол себепті қазақ қыздары әуретті жерлерін жауып, жұрттын көзіне көп түсе беруге тырыспаған. «Әйтпесе, ұят болады» деген. Қазақ ең алдымен өзінің емес, өзгенің пікірін бірінші ойлаған.

XXI ғасыр заманауи кезең, бірақ осы жаңа ғасырда болып жатқан жаңашылдыққа таң қалмайтын болдық. Қоғамдық ортада жүргенде елдің көзі маған түссе екен деп емес, елдің көзі түспесе екен деп жүруді ұмытып бара жатқан сияқтымыз. Қоғамдық жерлерде, әсіресе, білім орындарында қыз балалар боянып, сыланып құдды бір би кешіне (дискотека) келген сияқты. Жыртық шалбар, қысқа юбка тіпті керек болса кейбіреулері шорти киіп алған. Сонда білім алуға емес, сән көрсетуге келген бе? Боянғандарын көрсеніз шаштары ала - бұажак, еріндері қып-қызыл, енді біреуі тіпті қап-қара қылып бояп алған. Тырнақтары аюдың тырнағынан артық болмаса кем емес. Басқа ұлтта шаруам жоқ, бірақ қазақ қыздарының осындай күйде жүргенін көргенінде ішің удай ашиды екен. Бұл сезімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Боянудың да бір шегі болу керек ғой. Бұл сөзіммен ұзын киіп, орамал тағып жүрсін демеймін. Ең болмаса әуретті жерлерін жауып, басқалардың көзіне түспейтіндей киінсе екен деймін. Баттастырып бар бояуды жақпай-ақ, өзіне жарасымды етіп, шектен шықпай боянса да жетіп жатыр емес пе.

Бұл жазғаныммен қыздарды тәртіпке салғым келеді екен деп ойламаныз. Тек бір қазақтың қызы болса да осыны оқып ойланып, болашақта ана болғанда балаларына жастық шағының суретін ұялмай көрсететіндей болса екен деймін. Әйтпесе, ертең ұят болады...

Алмагүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың 4 курс студенті

Белсенді студенттен жақсы маман шығады



Кез келген ұстаз, кез келген білім ордасы өзінің ең үздік шәкірттерімен, студенттерімен мақтанады. Себебі бұл олардың сапалы білімі мен талмас еңбегінің арқасы. Олар сол үшін де мақтануға тұрарлық. Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті де үнемі өз түлектерімен мақтана алады. Ахан атындағы білім орданың түлектерінің барлығы дерлік беделді қызмет саласында жұмыс атқарады. Сол түлектердің бірі Абылай-хан Мұбарақұлы. Абылай-хан Какенов 1991 жылы алтыншы қыркүйекте Қостанай қаласында дүниеге келген. Студенттік шағын Ахан атындағы қара шаңырақта өткізген. Бүгінде Қостанай облыстық әкімдігінің ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы.

—Абылай-хан Мұбарақұлы университетте қандай студент болдыңыз?

—Мен университет қабырғасында білім алып жүргенде өте белсенді студенттердің қатарында болдым десем артық айтпаған болар едім. Біздің факультетте болатын барлық іс-шаралардың ұйымдастырылуын мұғалімдер

үнемі маған сеніп тапсыратын. Екінші курстан бастап Көкшетау, Астана қалалары сияқты қалаларға жарысқа бардым. Үшінші курстан бастап Нұр Отан партиясында жұмыс істедім. Міне, мен осындай еңбекқор студент болдым.

—Сізді университет қабырғасындағы «Ах-мет ұрпақтары» пікірсайыс клубына қатысты деп естідім, бұл қаншалықты рас?

—Қате естігенсіз (күліп). Мен дебатқа, ондағы қозғалыстарға қызыққаным бар. Бірақ қатысқан емеспін. Себебі дебат ойнау үшін шыдамдылық керек, ал маған төзімділік жетіспейді. Бұл бір жағы болса, екінші жағынан жайдан-жай пікір алмасу ол бос уақыт өткізу деп санауым.

—Яғни, дебат ойындары сіз үшін бос уақыт өткізудің ермегі ме?

—Жоқ, сіз дұрыс түсінбедіңіз. Дебат менің өмірлік ұстанымдарыммен сәйкес келмейді деп айтқым келді. Менің өмірлік ұстанымдарым басқаша еді. Бірақ араласатын достарым қатысатын. Олар үнемі жүлделі орындар алып, жетістікке жетті. Мен олармен мақтанамын.

—Алғаш еңбек жолына қадам басқан кездеріңіз есте ме?

—Жаңа жоғарыда айтып кеттім. Мен еңбек жолын үшінші курста оқып жүргенде Нұр Отан партиясында бастадым. Нұр Отан партиясында төрт жылдай жұмыс істедім. Кейін Қостанай облыстық әкімдігіне жұмысқа орналастым. Қазіргі таңда осы жерде жұмысымды жалғастырып жатырмын. Қостанай облыстық әкімдігінің ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы қызметін атқарамын.

—Студент кезіңіздегі басыңыздан өткерген қызықты оқиғанызды айып берсеңіз?

—Екінші курста оқып жүрген кезім еді. Университет деңгейінде өтетін бір іс-шараны ұйымдастыруды маған тапсырған еді. Іс-шара біздің факультетіміздің бірінші курста оқитын студенттерінің арасында өтуі керек болатын. Қарсы топтан бір бала жарысқа келмей қалып, ол баланың орынына шығатын бала таба алмағандықтан, бірінші курс студенті болып жарысқа мен қатыстым. Өзім ұйымдастырушы, әрі қатысушы болдым. Бұл менің басымнан өткен қызықты оқиғалардың бірі еді.

—Университет сізге қаншалықты білім берде алды деп бағалайсыз?

—Осындай сұрақтарды жие естимін. Негізінде бұл қате сұрақ. Университет білім емес бағыт бағдар береді, ал студент сол бағыт арқылы өзі білім іздеуі қажет. Неге деуісіз ғой? Себебі оқитын бала қай жерде, қандай жағдайда болмасын оқиды, қазақ айтады ғой бір жерді



тесіп шығады деп. Міне, ол да дәл осылай. Ал оқымайтын баланы сонау шетелге апарсаң да, тіпті Назарбаев Университетіне түсірсең де оқымауы мүмкін. Сондықтан мен айтар едім ҚМУ маған жақсы бағыт берді. Мен сол бағыт арқылы білім алып, қазіргі таңда өзімнің сүйікті қызметіммен жұмыс істеп жатырмын. Бұның барлығы Ахан атындағы білім ордасы мен сол жерде маған дәріс берген оқытушыларымның арқасында.

– Білім алған оқу орныңызға не тілер едіңіз?

– Қазіргі таңда таныстарымнан көп естимін біздің университеттің студенттері өте жалқауланып кеткен. Әрине барлығы емес, бірақ басым көпшілігі. Сол студенттерге айтар едім: болашақ біздің, яғни жастардың қолында, сол үшін де жалқаулықты қалтаға салып, оның орнына жастарға тән жігерлілік пен ақылды қолданыңдар деп. Бәрімізге

белгілі Елбасымыздың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласында да Елбасымыз жастарға көп сенім артатынын айтып кеткен. Еліміздің өркендеуі мен дамуына үлес қосуымыз керек. Ал ол үшін біздің біліміміз терең болуы шарт, терең білім алу үшін үнемі ізденіс үстінде болу керек. Бұл менің жастарға ағалық ақылым дер едім. Ал университетімізге тілерім дами берсін, елдің дамуына үлес қосатын шәкірттері көп болсын, және білім беретін ұстаздарға талмас талап мен таусылмас еңбек тілеймін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

**Алмагүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ҚМУ-дың журналистика мамандығының
4 курс студенті**